



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

СЕНІМ МЕН СЕРІКТЕСТІК САММИТИ

Әлемдік саяси аренада Қазақстан Шығыс пен Батыс өркениеттерінің арасын жалғайтын алтын көпір іспетті. Кеше Астанада өткен «Орталық Азия – Италия» саммиті осы байланыстың нығая түсуіне жасалған қарымды қадам болды. Еуразия жүрегінде өткен айтулы шараға Италия Премьер-министрі және Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстанның мемлекет басшылары қатысты. Бұл – тек ресми жиын ғана емес, ел мен елді, мәдениет пен экономиканы, өткен мен болашақты сабақтастыратын тағдырлы кездесу.

Саммитті ашқан Мемлекет басшысы Қазақстанға сапармен келгені және жоғары деңгейдегі кездесуге бастамашы болғаны



үшін Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелониге ризашылығын білдірді.
— Сізді елордамызда қарсы алу — мен үшін үлкен мәртебе. Соғыстан кейінгі жылдарда Ита-

лия Үкіметінің басшылығына жеткен алғашқы әйелсіз. Әлемдік қоғамдастық мойындағандай, қазіргі заманның белгілі, тіпті, аса көрнекті саяси қайраткерісіз. Сіздің ішкі сын-қатер мен халықа-

ралық проблемаларға қатысты көзқарасыңызбен және іс-әрекеттеріңізбен толықтай келісемін. Астана халықаралық форумына қатысып, мазмұнды баяндама жасағаныңыз үшін ризашылығымды

білдіремін. Сіздің сөзіңізді саяси және сарапшылар қауымдастығы өте жақсы қабылдады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысқан және өңірлік кооперацияға ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттердің басшыларына алғыс айтты.

— Орталық Азия ықылым заманнан бері Шығыс пен Батыс арасында дәнекер болып, өркениетаралық диалогты дамытуда маңызды қызмет атқарған. Бүгінде біздің өңір бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін танытып, тату көршілік және баршаға ортақ прогресс қағидаттарын берік ұстанатынын көрсетуде. Әлемдік аренада жасампаз күн тәртібін ілгерілете отырып, Орталық Азия халықаралық қатынастың ықпалды субъектісі ретінде өз ұстанымын дәйекті түрде нығайтып келеді, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ЕУРОПАДАҒЫ ІРІ ӘРІПТЕС



Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Италия Министрлер кеңесінің төрағасы Джорджа Мелониді салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президенті мен Италия Премьер-министрі бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джорджа Мелони тет-атет форматында келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Италия Министрлер кеңесінің төрағасына Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін алғыс айтты.

— Сіздің бұл сапарыңыз — екіжақты ынтымақтастығымыздағы айтулы оқиға. Біз өзара байланысқа, достық пен сенімге құрылған

қарым-қатынасқа айрықша мән береміз. Италия Қазақстанның әлемдегі сауда серіктестерінің үштігіне кіреді және Еуропадағы ірі әріптесіміз. Бұл бекер емес. Екіжақты ынтымақтастықтың жоғары қарқынын сақтауымыз қажет. Сіздің сапарыңыз қос ел арасындағы көпқырлы ықпалдастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Астана халықаралық форумының арнайы сессиясына қатысқаны үшін Италия Премьер-министріне ризашылығын білдірді.

(Жалғасы 3-бетте)

КЕЛЕШЕГІ ЗОР ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түрікменстан Президентіне ілтипат білдіре отырып, оның бірінші «Орталық Азия – Италия» саммитіне қатысуы мемлекетаралық көпқырлы қарым-қатынастарды одан әрі ілгерілету тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

— Екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға баса мән береміз. Экономикалық байланыстарда нақты нәтижелерге қол жеткіземіз деп есептеймін. Басқа да салалар бойынша, әсіресе, мәдени-гуманитарлық бағытта ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Күн тәртібіндегі жобаларды жүзеге асыруға қос тарап та күш жұмылдыратынын ескерсек, өзара тиімді қарым-қатынастың келешегі зор, — деді Мемлекет басшысы.



Президенттің пікірінше, қазір Астана мен Ашхабад арасындағы ынтымақтастық өркендеп, көптеген негізгі салаларда оң динамика байқалады. Сердар Бердімұхамедов Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны және «Орталық Азия – Италия» саммитін табысты өткізгені үшін алғыс айтты.

— Орталық Азия елдері мен Италия жоғары деңгейдегі

осындай форматта тұңғыш рет келіссөз жүргізіп отыр. Саммит қорытындысы мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететініне сенімдімін, — деді Түрікменстан Президенті.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Халқ Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовке ыстық ықыласын жолдап, оның жауапты қызметіне толағай табыс тіледі.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Зоран Милановичті Хорватия Республикасының Ұлттық мерекесі — Мемлекеттілік күнімен құттықтады.

Президент Астана мен Загреб арасындағы саяси диалогтың, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың аясы кеңейіп келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар достық пен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынастың дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Зоран Милановичтің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, хорват халқына құт-береке тіледі.

САММИТ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

СЕНІМ МЕН СЕРІКТЕСТІК САММИТІ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, отыз жылдан астам уақыт ішінде Италия өзін Орталық Азия елдерінің орнықты дамуына септігін тигізген сенімді серіктестердің бірі ретінде көрсетті. Президент «Орталық Азия+» форматында мүмкіндіктерді жұмылдыру Италия мен аймақ елдерінің өзара тиімді ынтымақтастығын кеңейтуге ықпал ететінін айтты.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Италиямен ықпалдастықтың перспективті бағыттарына қатысты ойымен бөлісті.

— Сауда-экономикалық байланысты тереңдету — басты басымдық. Әлемнің негізгі экономикалық полюстері арасындағы тарифтік қақтығыстың салдары барлық ел үшін ауыр болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұрын жолға қойылған сауда-экономикалық байланыстарды сақтап қалумен бірге, оны нығайтуға күш салу да өте маңызды. Біздің ойымызша, бірлескен жобаларды іске қосуға, ең алдымен, қосылған құны жоғары өнім шығару есебінен тауарлардың түрін көбейтуге баса мән беруге болады. Мәселен, Қазақстан Италияға жалпы құны 1 миллиард долларға жуықтайтын тауардың 100-ден аса түрі бойынша экспорт көлемін арттыруға дайын. Бұл ретте металлургия, машина жасау, мұнай-химия өнеркәсібі және басқа да өнімдер туралы сөз болып отыр, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері Еуропаға өздерінің агроөнеркәсіп өнімдерін



— Еліміз Еуропа Одағына мұнай экспорттаушы мемлекеттердің алғашқы үштігіне кіреді. Былтыр Қазақстаннан Италия нарығына жеткен мұнай көлемі 30 миллион тоннадан асты. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 27 пайызға артық. Қажет болған жағдайда оның көлемін арттыруға дайынбыз. Сонымен қатар болашағымыз баламалы энергия көздеріне байланысты болмақ. Бұл қазірдің өзінде анық байқалады. Төмен көміртекті экономикаға жүйелі түрде көшу — Қазақстан басымдықтарының бірі. Италиялық серіктестерімізбен бірлесіп, еліміздің бірқатар өңі-

— Бірлескен кәсіпорындар құру, технологиялар трансферті, италиялық өндірісті өз аймағымызда локализациялау ортақ мүддеге сай келеді. Бұдан елдеріміз едәуір пайда табады. Бұл бағытта жемісті ықпалдастықтың мысалдары бар. Атап айтқанда, қазақстандық зауыттардың бірінде италиялық ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жолға қойылған. Бұдан бөлек, Италия компанияларының қатысуымен күкірт қышқылын өндіретін және газ өңдеу зауыттарының құрылысы басталды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Азия қазірдің өзінде жаһандық жылыну салдарын бастан кешіріп жатқанын айтты. Президент Италия тарапына аймақтағы экологиялық проблемаларды шешуге, соның ішінде Арал теңізі бассейнін қалпына келтіруге белсенді қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру мен мәдениет салаларындағы ықпалдастық жайында сөз қозғады.

— Қазіргі уақытта Италияда төрт мыңға жуық қазақстандық студент білім алады. Біз жастарымыздың үздік университеттерде оқуына мүмкіндік жасағаны және

«Орталық Азия мен Италияның мәдениет жылы» тақырыбы аясында бірлескен іс-шаралар легін өткізуді ұсынды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жиында айтылған ұсыныстардың барлығы отырыс қорытындысы бойынша қабылданатын Бірлескен декларацияда көрініс табатынын жеткізді.

Сондай-ақ бірінші «Орталық Азия — Италия» саммитінде Италия Премьер-министрі Джорджа Мелони, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Көшбасшылар өзара сенім мен ортақ мүдделерге сүйене отырып, аймақаралық ынтымақтастықты тереңдетуге ниетті екендерін білдірді. Саммит аясында тараптар халықаралық құқық, БҰҰ Жарғысы және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарын сақтауға бейілдігін растады. Өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, терроризм, экстремизм, киберқауіптер және есірткі саудасы сияқты жаһандық сын-қатерлерге қарсы бірлескен күрес қажеттігі атап өтілді.

Экономикалық өзара іс-қимыл аясында сауда мен инвестиция, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, инфрақұрылым, көлік, логистика, байланыс, ауыл шаруашылығы мен жанар-тылатын энергия көздері салаларында ынтымақтастықты тереңдету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Италияның инновациялық әлеуеті мен технологиялық тәжірибесі Орталық Азия елдері үшін ерекше маңызға ие екені атап өтілді.

Саммит экологиялық мәселелерге де басымдық берді. Арал теңізінің экожүйесін сақтау, мұздықтардың еруі, су ресурстарын ұтымды пайдалану және таулы өңірлердің орнықты дамуы секілді өзекті тақырыптар қозғалды. Осы бағытта бірлескен жобалар, жоғары деңгейдегі кездесулер мен технологиялық шешімдерді енгізу жоспарлануда.

Білім, ғылым, мәдениет және жастар арасындағы алмасу да маңызды бағыт ретінде белгіленді. Көшбасшылар академиялық байланыстарды нығайту, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту, туризм мен жастар бастамаларын қолдау мәселелерін талқылады.

Саммит қорытындысы бойынша қатысушы тараптар тұрақты диалогты жалғастыруға ниетті екенін білдіріп, келесі кездесуді 2027 жылы Қырғыз Республикасында өткізу туралы ұсынысты қолдады. Италия мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы бұл жаңа серіктестік форматы аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына үлес қосып, өзара тиімді ықпалдастықтың берік негізін қалайды деп сенеміз.

Кәмила ДҮЙСЕН



жеткізуде мол әлеуетке ие деп санайды. Бұдан бөлек, сауда үйлері мен логистикалық орталықтардың ашылуы елдер арасындағы сауда-саттыққа тың серпін береді. Осы орайда Қазақстан Президенті Алматыда Италия сауда үйін ашуды ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан-Италия серіктестігінің локомотиві саналатын энергетика саласындағы ынтымақтастықты тағы бір маңызды міндет ретінде атады.

рінде жел мен күн электр станцияларын салып жатырмыз. Аталған жобалар үшін ризашылығымызды білдіреміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы өнеркәсіптік кооперацияны нығайту зор мүмкіндікке жол ашатынын жеткізді. Қазақстан Орталық Азиядағы сирек металдардың кен орындары туралы барлық өзекті ақпаратты жинақтайтын Аймақтық зерттеу орталығын құру туралы бастама көтерді.

Президент тағы бір маңызды мәселе ретінде трансконтиненталды байланысты нығайтуға тоқталды. Яғни Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыта отырып, елдеріміз көне Жібек жолын жаңа сипатта қайта жаңғыртып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев баяндамасында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық орнықтылық мәселелерін де қамтыды. Мемлекет басшысы Орталық

грант пен шәкіртақы ұсынғаны үшін Италия Үкіметіне алғыс айтамыз. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Италияның техникалық жоғары оқу орындарын Қазақстанда филиалдарын ашуға шақырамын. Біз қазір инженерлік-техникалық білімге ерекше мән береміз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту мақсатында 2026 жылы

ЕУРОПАДАҒЫ ІРІ ӘРІПТЕС


(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Джорджа Мелони бұл сапардың Қазақстан мен Италия қарым-қатынасын жандандыруға ықпал ететінін айтты.

— Еліңізге шақырып, қонақжайлық танытқаныңыз және Астана халықаралық форумында сөз сөйлеуге мүмкіндік жасағаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бұл форум диалог үшін маңызды алаңдардың біріне айналып келеді. Біз Қазақстанды Италияның стратегиялық серіктесі, ал Орталық Азия өңірін стратегиялық тұрғыдан маңызды тоғыз жолдың торабы ретінде қарастырамыз. Бізге диалог қажет. Мұны Өзіңіз де жақсы түсінесіз. Қазақстан — Италияның көптеген сала бойынша маңызды әріптесі.

Екі ел арасындағы ынтымақтастық табысты дамып келеді. Әйтсе де, кеше айтқанымдай, энергетикадан бастап мәдениетке дейін, университеттердің тәжірибе алмасуы, халықтар арасын жақындату бағыттарында бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бар, — деді Италия Премьер-министрі.

Кездесуде сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты кеңейту перспективасы талқыланды. Энергетика, аса маңызды материалдар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік-логистика, сонымен қатар жанартылатын қуат көздері салаларында байланыс орнату мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылды. Бұдан бөлек, өңірлік және халықаралық күн тәртібіне қатысты пікір алмасты.



КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Джорджа Мелонимен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Жиынға екі ел делегациялары қатысты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия стратегиялық серіктес екенін атап өтті. Қос елдің қарым-қатынасы өзара құрметке, сенім мен ортақ мүддеге негізделген.

Президент мемлекеттер арасында тығыз саяси диалог орнап, берік экономикалық ынтымақтастық дамып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық байланыс беки түскеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан — Италияның Орталық Азиядағы жетекші серіктесі, ал Италия еліміздің сауда әріптестерінің үштігіне енетін және ірі инвесторларының бірі екенін айтты. Елдер арасындағы тауар айналымы 24 пайызға артып, өткен жылы 20 миллиард долларға жетті.

— Сіздің басшылығыңызбен Италия Үкіметінің Қазақстанмен арадағы тығыз қарым-қатынастарды сауда және инвестиция салаларында ғана емес, парламент-аралық ықпалдастық бағытында дамытуға ұмтылысын жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ екіжақты гуманитарлық ықпалдастыққа да шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің бұл сапарыңыздың екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан маңызы зор. Халықаралық аренада Қазақстан мен Италияның байланыстары сенімді әрі страте-

гиялық серіктес сипатында жалғаса береді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент соңғы жиырма жылда Италия Қазақстан экономикасына 7,6 миллиард долларға дейін инвестиция құйғанын атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанда ENI, SDF Group, PetroValves, Maire Tecnimont және Ballestra секілді ірі инвесторлар бастаған 270-ке жуық италиялық компания табысты жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Өз кезегінде Джорджа Мелони екі ел арасындағы ықпалдастықты жоғары бағалап, оның стратегия-

лық серіктестік рухына сай келетінін айтты.

— Сізді көрген көшбасшылардың бірі санаймын. Қазіргі сын-қатерлерді терең түсінетін адаммен әңгімелесу мен үшін өте құнды. Осынау қиын кезеңде жақсы жаңалықтар да бар. Соның бірі — Италия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас. Біздің байланыстарымыздың деңгейі жоғары. Мұны бұған дейін бірнеше рет атап өттік. Дегенмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік жеткілікті. Менің сапарымның мақсаты да осы. Сіздің еліңіздің Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан алтын көпір ретіндегі тарихи мәнін жақсы білеміз, — деді Италия Премьер-министрі.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібінің негізгі бағыттарын қамтитын көптеген мәселе талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джорджа Мелони Қазақстан

мен Италияның қарым-қатынасын қарқынды дамытуға ықпал ететін серіктестікті одан әр жандандырып, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екендерін растады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Италия Министрлер Кеңесінің төрағасы Джорджа Мелони келіссөздер қорытындысы бойынша Стратегиялық серіктестікті нығайту жөнінде Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Ресми делегация мүшелері мынадай құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Италия Республикасы Үкіметі арасындағы тұлғалардың реадмиссиясы туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Италия Кәсіпорындар және «Италияда жасалған» министрлігі, Қоршаған орта және энергетикалық қауіпсіздік министрлігі арасында аса маңызды қазба байлықтары мен шикізат материалдары саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме;

3. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Maire Tecnimont арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

4. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Ansaldo арасындағы ынтымақтастық туралы келісім;

5. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі мен OICE арасында су ресурстарын басқару саласында білім және озық тәжірибе алмасу арқылы суға қатысты сын-қатерлерге байланысты практикалық шешімдерді ілгерілету жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасын жүзеге асыру туралы меморандум;

6. Қазақстан Даму банкі, Cassa Depositi e Prestiti S.p.A. және SACE SpA арасындағы бірлескен декларация;

7. «Самұрық-Энерго» АҚ және SACE SpA арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

8. «Kazakh Invest» ҰК» АҚ мен Italian Trade Agency арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

Дайындаған Ә.МҰХАНБЕТ

САЯСАТ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

РУХАНИ ДИПЛОМАТИЯ
ІЛГЕРІЛЕЙ БЕРМЕК

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев кеше Астана халықаралық форумына қатысу үшін Қазақстанға келген Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсемен кездесті.

Кездесуде Мәулен Әшімбаев Еуропа Кеңесі бүкіл әлемде адам құқықтарын, демократия және заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқарып отырғанын атап өтті. Сондай-ақ палата Спикері Қазақстан Парламенті мен ЕКПА арасында ынтымақтастық орнағалы бері өткен 20 жылда көптеген бағыт бойынша тығыз және тиімді өзара іс-қимыл жолға қойылғанын тілге тиек етті.

Сұхбат кезінде тараптар демократиялық жаңғыру және Әділетті Қазақстан қалыптастыру барысында Қазақстан мен Еуропа Кеңесінің бірлескен жұмысындағы өзекті мәселелерді де талқылады. Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформалардың маңызына және палатаның оларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жолындағы қызметіне тоқталды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Әділетті Қазақстан құру тұжырымдамасын іске асыру аясында ауқымды және жан-жақты реформалар жүргізілуде. Олардың мақса-

ты — заң үстемдігін нығайту, адам құқықтарын қорғау, билік тармақтары арасында өкілеттіктердің теңгерімді бөлінуін қамтамасыз ету және орталық пен аймақтық билік органдары арасындағы үйлестіруді күшейту. 2022 жылы суперпрезиденттік жүйеден күшті Парламенті мен есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға көшуге арналған конституциялық түзетулер қабылданды. Оны қазақстандықтар жалпыұлттық референдумда колдады. Осы саяси және экономикалық реформалардың іске асырылуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету Парламент қызметінің негізгі басымдығы екенін атап өткен жөн», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар кездесуде қазіргі сын-көзқарас жағдайында рухани дипломатияны ілгерілетудің маңызына баса мән берілді. Осыған байланысты Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына биыл қыркүйекте өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысы және бұл бағыттағы басқа да жобалар туралы мәліметтер берілді.

САЯСАТТЫҢ ШЫҒЫСТЫҚ
ШЕЖІРЕСІ

Астанадағы Назарбаев Университетінде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Ел басқару жөнінде» атты төрт томдық кітабының тұсаукесері өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ху Хэпин, ҚХР Ұлт істері жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Го Вэйпин, ҚХР Шетел әдебиетін басып шығару және тарату жөніндегі бас басқармасының жетекшісі Ду Чжэньюань, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ҚХР-дың Төтенше және Өкілетті Елшісі Хан Чуньлин қатысты.

Жиын барысында Аида Балаева екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықтың маңызын атап өтті.

«Қытай — Қазақстан үшін сенімді дос, одақтас әрі стратегиялық серіктес. Екі ел арасындағы ғасырлар бойғы достық, өзара құрмет



пен сенімге негізделген ынтымақтастық бүгінде барлық бағытта табысты дамып келеді. Мемлекеттеріміздің басшылары арасындағы өзара түсіністік пен жоғары деңгейдегі сенім — екіжақты қарым-қатынастардың нығаюына зор ықпал етуде.

Бұл кітап — Қытай мемлекетінің саяси бағыт-бағдарын, ұлттық бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз

етудегі ұстанымдарын, сондай-ақ ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарын түсінуге ұмтылатын қазақстандық оқырман үшін құнды дерек көз болмақ. Сонымен қатар туынды — Қытайдың халықаралық аренадағы ұстанымдары мен рөлін саралауға мүмкіндік беретін маңызды еңбек», — деді Аида Балаева.

Мейір ЖАСЫН

КӨРШІЛЕР ЫНТЫМАҒЫ —
ДАМУ КЕПІЛІ

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов пен Өзбекстан Олий Мажлисі Заң шығару палатасының спикері Нуриддин Исмоилов екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және парламентаралық қатынастарды дамыту жөніндегі уағдаластықтардың іске асырылу барысын талқылады.

Отырысты ашқан Мәжіліс Спикері соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасында жоғары деңгейдегі бірқатар өзара сапар өтіп, Одақтастық қатынастар туралы және Мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы шарттар мен 2024-2034 жылдарға арналған стратегиялық әріптестік бағдарламасы сияқты тарихи құжаттарға қол қойылғанын атап өтті.

— Екі ел президенттерінің саяси ерік-жігері мен даналығының арқасында қазақ-өзбек байланысы бұрын-соңды болмаған биік деңгейге жетті. 100-ден астам келісімнен тұратын берік шарттық-құқықтық база қалыптасты. Олар біздің қарым-қатынастарымыздың барлық саласын қамтиды. Ынтымақтастықтың жаңа форматының институционалдық негізі қаланды. Президенттеріміз ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындап, оларды ілгерілету үшін нақты міндеттер қойды, — деді Ерлан Қошанов.

Ол екі ел арасындағы парламентаралық ықпалдастықтың жүйелі сипат алып, нақты мазмұнмен толық түскеніне назар аударды. Бұл үрдіс көпжақты алаңдарда да жүзеге асуда. Іске асырылған бастамалар қатарында Орталық Азия мемлекеттерінің парламентаралық форумы, Орталық Азия елдері әйелдері диалогы аясындағы іс-шаралар және Ташкент қаласында табысты өткен Халықаралық Парламентаралық Одақтың 150-ші Ассамблеясы бар.

Өз кезегінде, Нуриддин Исмоилов парламентаралық диалог елдер арасындағы сенімді нығайтудың маңызды факторы екенін және мемлекет басшыларының стратегиялық келісімдерін жүзеге асыруға септігін тігізетінін айтты.

— Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің форматы жүйелі әрі практикалық мәні зор. Парламенттік диалог мемлекетаралық ынтымақтастыққа ілесіп қана қоймай, сонымен қатар оны нығайтуға, экономика, әлеуметтік сала, білім беру және гуманитарлық бағыттағы бірлескен бастамаларды ілгерілетуге ықпал етуге тиіс деген пікірдеміз, — деді Олий Мажлис Заң шығару палатасының спикері.

Кеңестің екінші отырысының негізгі тақырыбы экономика, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект сияқты бағыттар бойынша ынтымақтастықтың перспективаларына, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық және туристік салалардағы жобаларға арналды.

Тараптар сауда-экономика мен аграрлық салалардағы серіктестікті кеңейту, мәдениет пен білім бағытындағы ынтымақтастықтың жоғары қарқынын сақтау, экология, энергетика және су ресурстары

мәселелерін бірлесіп шешу бойынша екі ел көшбасшылары арасындағы келісімдерді іске асыруда ілгерілеушілік бар екенін атап өтті.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері күн тәртібіндегі басым бағыттарға назар аударды. Олардың қатарында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты тауар айналымын 2030 жылға қарай 10 миллиард долларға дейін ұлғайту міндеті де бар. Депутаттар осы межеге тезірек қол жеткізу үшін қажетті заңнамалық шараларды талқылады.

— Бүгінде Қазақстан Өзбекстанның ең ірі үш сауда серіктесінің қатарына кіреді. Екі ел арасындағы тауар айналымы жыл сайын 4 миллиард АҚШ долларын құрайды. Соңғы жылдары өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі қозғаушы күші өнеркәсіптік кооперация, автокөлік құрастыру, ауыл шаруашылығы және логистика болып отыр, — деді Ерлан Қошанов.

Отырыс барысында депутаттар жоғары деңгейде қол жеткізілген үш негізгі көлік-логистика жобасының жүзеге асырылу мәселелерін де талқылады. Олар: Дарбаза — Мақтаарал теміржол желісінің құрылысы, Ташкент облысында Көпфункционалды логистика орталығын құру, сондай-ақ Қызылорда — Үшқұдық теміржол және автомобиль жолының құрылысы.

Сонымен қатар Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығарушы палатасы делегациясына Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің тапсырмаларын орындау бойынша жүзеге асырылған өнеркәсіптік жобалар таныстырылды. Олардың ішінде бірқатар бірлескен кәсіпорын бар. Атап айтқанда, Қостанай облысындағы автокөлік зауыты, Қарағанды облысындағы тұрмыстық техника шығаратын кәсіпорын мен Шымкент қаласындағы медициналық бұйымдар өндірісімен айналысатын зауыт. Сондай-ақ мәртебелі меймандарға Алматы маңында орналасқан Alatau City — инновациялық қаласы және «Жаңа Жібек жолы» бойындағы жаһандық туристік орталығы таныстырылды. Жобаның алғашқы кезегін іске қосу 2030 жылға жоспарланған. Alatau City жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етіп, өңірдегі даму орталығына айналуға тиіс.

Жұмыс сапарының бағдарламасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында орналасқан Farabi HUB жоғары технологиялық жобалар мен стартаптарды дамыту платформасына және Алматы қаласының мәдени нысандарына бару жоспарланған.

Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

БАҚЫЛАУДЫ
КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Шымкент қаласында «АМАНАТ» партиясының жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Республикалық кеңестің көшпелі отырысы өтті. Жиын барысында қаладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қазіргі ахуалы мен партияның сайлауалды бағдарламасының орындалу барысы жан-жақты сараланды.

Отырыста сөз алған Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың кең тараған тетіктеріне тоқталды. Оның айтуынша, жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік бағдарламалар аясында өткізілетін сатып алулар барысында және еңбекақы мен түрлі үстемақыларды төлеу кезінде паракорлық пен бюджет қаражатын жымқыру фактілері жиі кездеседі.

«Мемлекеттік қызмет жүйесінде болып жатқан жемқорлық схемаларға жол бермеу үшін нақты әрі пәрменді іс-шаралар қажет. Шымкент қаласындағы жемқорлықтың жай-күйі әлі де жүйелі күресті талап етеді. Мәселен, салалар бойынша алғанда, жемқорлық фактілері ең көп анықталған бағыттар — денсаулық сақтау (39 жағдай) және білім беру саласы (31 жағдай). Бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салаларда бақылауды күшейтуді қажет етеді», — деді Ерлан Саиров.

«Шымкент қаласында жемқорлықтың алдын алу, онымен профилактикалық әдістермен күресу жүйелі түрде жүргізілуде. Шымкенттегі Білім саласындағы бұл індетпен күресу әдістері өте ұтымды», — деп атап өтті Е.Саиров.

Дегенмен проблемалар да жеткілікті. Жалпы, 2022—2024 жылдар аралығында Шымкент қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 270 қылмыс тіркеген. Оның 195-і пара алу, 67-сі ұрлық және 5-еуі қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану фактілері. Бұл қылмыстардан келген залал сомасы 7,4 млрд теңгені құрап, оның 5,9 млрд теңгесі мемлекетке қайтарылған. Осы кезеңде 278 тұлға сыбайлас жемқорлық фактілеріне қатысы бар деп танылып, олардың 35-і — облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі басшылар.

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыдыбеков «Шымкент қаласында жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл бағытта құқық қорғау органдары өкілдерімен бірге әрбір мемлекеттік органда нақты алдын алу іс-шарасы өтеді. Жемқорлыққа профилактика процесіне қоғам өкілдері де белсене араласалы» деп атап өтті.

Жиында «АМАНАТ» партиясының Шымкенттегі қоғамдық қабылдау бөлімдерінің жұмысы да айтылды. Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, 2023-2024 жылдары қала-аудандық қоғамдық қабылдауларға 11 735 арыз-шағым келіп түскен.

«Арыз-шағымдардың дені әлеуметтік көмекке мұқтаждық, тұрғын үй, жер, жұмысқа орналасу, заңсыз жұмыстан шығару, еңбек ақы төлеу мен денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты. Партия халықтың өтініштеріне жүйелі түрде назар аударып, шешімін табуға ықпал етіп келеді», — деді Ержан Жылқыбаев.

Сондай-ақ жиында Шымкент қаласы әкімдігі жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелері талқыланды. Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыдыбеков өз сөзінде партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Мәслихаттағы партия фракциясының 21 мүшесі бағдарлама тармақтарына жеке-жеке бекітілген. 2024 жылға жоспарланған 95 тармақтың 90-ы орындалды. Бағдарлама аясында 1,3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, 2 127 азамат пәтермен қамтылды. «Қамқор» өңірлік бағдарламасы аясында тағы 150 азамат баспана алды. 2 878 медицина қызметкері симуляциялық орталықтарда біліктілігін арттырды. Сонымен қатар 30 284 адам жұмыспен қамтылса, «Кедергісіз келешек» жобасы арқылы 43 640 мүмкіндігі шектеулі азаматтың өтініштері қанағаттандырылды. Бұл — бағдарламаның тиімді іске асып жатқанын көрсетеді», — деді қала әкімі.

Жиын барысында жуырда жария болған шулы оқиға — Шымкент қаласында жүргізуші куәліктерін заңсыз беру фактісі де назардан тыс қалмады. Қаржылық мониторинг агенттігі прокуратурамен бірлесе отырып, бұл салада ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекетін әшкерелеген.

Сонымен қатар басқосу барысында Мәжіліс депутаты Нұрлан Әуесбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бірқатар жүйелі кемшіліктердің бар екенін атап өтті. Депутат әкімдік басқармалары тарапынан жүргізіліп жатқан шараларда формализм басым екенін және шешім қабылдауда ашықтықтың жеткіліксіз екенін баса айтты.

«Жемқорлықпен күресте белгілі бір нәтижелер болғанымен, негізгі проблемалар — пара алу, ұрлық және өкілеттікті асыра пайдалану әлі де бар. Бұл қылмыстар көбіне жергілікті атқарушы органдар мен полиция өкілдері тарапынан жасалады. Осы салаларда нақты алдын алу шаралары қажет. Партияның сайлауалды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалары шеңберіндегі Жол карталарын сапалы іске асыру үшін олардың орындалуын партия алаңдарында тұрақты түрде талқылап отыру керек», — деді депутат.

Жалпы, көшпелі отырыс барысында Шымкент қаласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарының нақты нәтижесі бар екендігін атап өтті.

Бұл індетпен күресу әдістері бойынша, алдағы кезеңге арналған нақты ұсыныстар мен міндеттер айқындалды. Жүйелі жұмыстар мен партиялық бақылаудың арқасында қалада бұл бағыттағы жұмыстар жаңа қарқын алмақ.

Назгүл НАЗАРБЕКОВА

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ТАЗА ҰСТАУ МАҢЫЗДЫ

«АМАНАТ» партиясының бастамасымен ел аумағында тұрақты түрде жалғасып жатқан «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы тұрғындардың белсенділігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті нығайтып келеді. Іс-шара аясында бірнеше облыста көшелер тазаланып, ағаштар отырғызылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бұл бастама экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен елді мекендерді көркейтуге бағытталған. «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы аясында «АМАНАТ» партиясының Астана қаласы Есіл аудандық филиалы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен макулатура жинау науқанын бастады. Жиналған қағаз қалдықтары «Жасыл даму» АҚ-ның Eco-Qoldau бағдарламасы аясында қайта өңделеді. Бүгін бастауыш партия ұйымдарының күшімен 1 тоннадан астам макулатура жиналды. Тамыз айының ортасына дейін жиналған барлық қағаз тапсырылып, одан түскен қаражат «Баланы мектепке даярлайық!» акциясы аясында қайырымдылыққа бағытталады.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал акын ауданында өткен акция асында Сергеевка қаласында көшелерді тазалау және көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Игі іске партия мүшелері, жастар, мекеме қызметкерлері мен жергілікті тұрғындар белсене атсалысты. Қатысушылар қоқыс жинап, гүлзарларды ретке келтіріп, жаңа гүлдер отырғызды.

«Біздің мақсатымыз — тек аптасына бір рет тазалық жүргізу емес, сонымен қатар тұрғындардың өз қаласына жанашырлықпен қарауын қалыптастыру. «Таза бейсенбі» — әрбір азаматтың ортақ іске атсалысуына

мізде игі іс жалғасын табады», — деді аудандық мәслихат депутаты Ерлан Қуанышев.

Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында өткен тазалық шарасы ауылдың ажарын аша түсті. Мұнда теміржол вокзалының айналасы мен Л.Қылышев көшесі коқыстан тазартылып, теректер мен гүлдер отырғызылды. Ауылдың көркін келтіріп, жасыл желекке бөлеген бұл игі іске 30-дан астам адам атсалысты.

Тазалықты ту еткен бастама Жамбыл облысында да жалғасын тапты. Тараз қаласының «Көктем» алқабында өткен іс-шарада 100-ден астам қатысушы 5 гектар жерді тұрмыстық қалдықтан арылтып, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Облыстық филиал төрағасы Дауыл Бейсенқұловтың айтуынша, мұндай жұмыстар қоршаған ортаны қорғап қана қоймай, тұрғындардың экологиялық санасын арттыруға сеп болады.

«Тазалық шарасы — қоршаған ортамыз үшін маңызды. Бұл орайда «Таза бейсенбі» экологиялық акциясының алар орны ерекше. Баршамыз аптаның осы күні түрлі орындар тазалап, ретке келтіруге атсалысып жүрміз. Осы бағыттағы жұмыстарымызды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз», — дейді «АМАНАТ» партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов.



мүмкіндік береді. Ең қуаныштысы — қатысушылардың қатары апта сайын артып келеді», — деді «АМАНАТ» партиясының Шал акын аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жайнагүл Қасенова.

Алматы қаласында акцияға қатысушылар Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш маңында тазалық жұмыстарын жүргізіп, аумақты абаттандырды.

Абай облысы Ақсуат ауданында Ырғызбай ата кесенесі мен Мәңгілік ел саябағында кең көлемді тазалық жұмыстары жүргізілді. Игі іске 60 адам қатысып, 2 гектар аумақ тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, 1,2 тонна қоқыс шығарылды. Сондай-ақ партияның Курчатов қалалық №4 бастауыш партия ұйымы ұйымдастырған экологиялық акция аясында қалалық аурухана аумағына 500 түп гүл көшеті отырғызылды.

Атырау облысы Махамбет ауданында «Таза бейсенбі» аясында орталық алаңда орналасқан ағаштар маңы тазартылып, санитарлық жұмыстар жүргізілді.

«Атаннан мал қалғаша, тал қалсын» деп ата-бабамыз тал-теректі бәрінен жоғары бағалаған. Бүгінгі тазалық жұмыстарына бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мәслихат депутаттары және жастар белсенді қатысты. Алдағы уақытта да өңірі-

Ал Қарағанды облысының Сарань қаласында тұрғындар Октябрьский көшесіндегі жеке сектор аумағын қоқыстан тазартып, жапырақтарды жинап, аймақты ретке келтірді. Акцияға белсене қатысқандарға алғаш білдірген партияның қалалық филиалының төрағасы Нұргүл Тәжібаева бұл игі істің елді мекен тазалығын сақтауда маңызы зор екенін атап өтті.

Қостанай облысына қарасты Фёдоровка ауылында да ауызбіршілік танытқан халық акцияға белсене атсалысты. Мәслихат депутаты Зия Тілектөреұлы бастаған еріктілер мен партия мүшелері ауыл көшелерін, қоғамдық орындарды тазалап, жеміс ағаштарын күтіп-баптады.

Маңғыстау облысында да «Таза бейсенбі» науқаны жастардың қолдауымен сәтті жүзеге асып келеді. Н.Бекбосынов атындағы энергетикалық колледждің студенттері 100 келіге жуық қоқысты жинап, ағаш діндерін өктенді. Колледждің жастар ісі жөніндегі инспекторы Г.Елдесбаева студенттердің белсенділігіне ризашылық білдірсе, жастардың бірі Ә.Әділбай бақшаға жаңадан 80 түп шыбық егілгенін айтып, табиғатты аялау — олардың өмірлік ұстанымына айналғанын жеткізді.

Елнар ЕЛТАЙ

МӘСЕЛЕ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ:

Отандық азаматтық авиация, жалпы авиакомпаниялар жанжалдан арыла алар емес. Өткенде ес-түссіз жатқан баланы әуежайда тексертікізіп, өлтіріп тынды. Салада кадр тапшылығы күрт күшейген. Авиаотын қымбаттап, билет бағасы шарықтап барады. Саланы Президент те сынады. Осы мамырда өткен, елдің көлік-транзит және логистика әлеуетін дамытуға арналған Қауіпсіздік кеңесінің отырысында авиация мәселелері жеке қаралды, көп сын-ескертпелер айтылған. Тың міндеттер қойылды. Не нәтиже шығады?

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір әлемде әуемен жүк тасымалдау нарығы 140 миллиард долларға бағаланады. Бұл — орасан зор мүмкіндік. Алайда бірде-бір қазақстандық авиакомпания осы салада толыққанды жұмыс істемейді, берілген мүмкіндік пен қолда бар зор әлеуетті толыққанды пайдаланбайды. 2025 жылғы 28 қаңтарда, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев авиаотынның қолжетімділігін қамтамасыз етуді тапсырды.

— Шұғыл атқаратын шаруаның бірі — ел аумағында халықаралық авиахаб құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет! Алда жүк және жолаушы терминалдары, логистикалық орталықтары мен заманауи сервистері бар толыққанды экожүйе құру міндеті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Кейінгі мәселе өте өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы, атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат, — деді Қ. Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы және басқа міндеттерді Үкіметке антимонополиялық органмен бірге биылғы жылдың бірінші жартысында орындауды жүктеді. Жартыжылдық аяқталуға жақындады. Әзірге шенеуніктер тарапынан қарқынды жұмыс, батыл қимыл байқалмайды.

АР-ҰЯТ КЕТСЕ, АБЫРОЙ ҚАЛМАЙДЫ

Осы кезде сала барған сайын кері кете бастаған сынайлы. 2025 жылғы 13 мамырда Алматының Түркісіб аудандық соты ауыр жағдайда жатқан баланы тасымалдау кезінде ұлттық авиатасымалдаушы құқықбұзушылықтар жасады деп таныды. Судья қыршыннан қиылған баланың ата-анасының талап-арызын ішінара қанағаттандырды, моральдық зиян ретінде «Әір Астанадан» 5 млн теңге өндіріп алуға шешім шығарды.

Үкімде көрсетілгендей, Air Astana команда жатқан баланы ұшақтан түсіре сала шұғыл түрде ауруханаға жеткізуді қамтамасыз етпеген. Сот дерегіне, 2019 жылы туған балдырған Алматыға жеткенде қажетті медициналық қолдаусыз қалған және естен танып жатқан жағдайда паспорттық бақылау рәсімдерінен өтуге мәжбүр етілген. Шақыруға алдын ала, жедел жеткен реанимобиль, оның ішіндегі дәрігер және баланың әкесі әуежай аумағына жіберілмеген.

Оның орнына баланы ұшақтан амбулифтпен, яғни ахуалы ауыр сырқаттарды тасымалдауға арналмаған техникамен тасыды. «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» дегендей, шекарашылар да балақайдың денсаулық жағдайын

назарға алмай, оның көзін жапқан қорғаныш дәкесін шешкізіп, бет-жүзін фотоға түсірткізді. Дерті асқынған, екі жақты пневмотораксқа душар болған бала ауруханаға жатқызылды. Ақпан айында беті бері қарамаған бала жан тапсырды.

Мұнда заң болмағанымен, ар тұрғысынан айып арқалағандар көп-ау. Бірақ сот дәл Air Astana өз жолаушысының ауыр халде жатқанын анық біле тұра, оны құтқарып қалу жұмысын әуежаймен және шұғыл жәрдем қызметімен үйлесімде жүргізуді қамтамасыз етпегеніне екпін түсірді. Сот реанимобильді ұшаққа жібермеу, медкөмекті лайықты ұйымдас-тырмау үшін жауапкершілікті де ұлттық авиатасымалдаушыға жүктеді.

Бұл «Әір Астанаға» қатысты биылғы бірінші дау-жанжал емес. Сот қараған тағы бір істе Түркиядан Өскеменге жалғыз оралып келе жатқан және паспортын жоғалтып алған 10 жасар баланы авиакомпания Италия әуежайында, депортациялық камерада жалғыз тастап кеткен. Сол үшін сот компанияға 1 000 АЕК (3 932 000 теңге) айыппұл салды.

Қазір қазақстандықтар да, шетелдіктер де авиакомпанияға байланысты көп шағым айтып жүр. Су, сусын-шырынның қосымша порциясын, көрпе-плед сұратқан жолаушыларына бортсеріктер кәдімгідей жекіп, ұрсысатынды шығарыпты. Сыпайы ескертіп, аяғын жинауды өтіну орнына тамақ үлестіретін арбасымен ұзынтұра адамдардың креслодан тыс шыққан тізе-сирағын соғып, аяғын басып кетеді екен. Бұл жағдай салада кадр даярлау сапасының құлдырағанын, стюардесса қызметіне кім көрінгенді алатынын білдірсе керек.

ТҮЙЫҚҚА ТІРЕГЕН ТӨРТ ПРОБЛЕМА

Жуырда Сенат «Қазақстанда азаматтық авиацияны дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оның барысында депутаттар сарапшылармен бірге саланы жайлаған былық пен қордаланған мәселелерді талдады. Нәтижесінде, шешімін таппай тұрған 4 көкейкесті мәселе іріктелді.

Біріншісі — авиакеросинмен байланысты. Қазақстандық мұнай өңдеуші зауыттар авиаотынды жеткілікті көлемде өндірмейді, өнімін авиакомпаниялар қаптаған делдалдар арқылы сатып алады. Елде авиаотынды өткізу бойынша бірыңғай тәсіл жоқ. Екіншіден, Үкіметте әуежайларды дамытудың жүйелі тәсілі жоқтығы атап өтілді. Үшіншіден, бірқатар өңірде әуежай инфрақұрылымы төнерді, ұшу-қону жолағының, техникасы мен инфрақұрылымының жай-күйі адам шошырлық. Төртіншіден, салада кадр тапшылығы өткір тұр.

АЛАТЫНЫ АЛҒЫС ЕМЕС...



Өйткенмен, қарапайым халықты көбірек алаңдататыны — Орталық Азия түгілі, алапат санкция астындағы Ресеймен салыстырғанның өзінде, біздегі әуе билеттерінің қымбаттығы, рейстердің жаппай кешігуі және әуежайлар мен әуе кемелеріндегі қызмет көрсету сапасының құлдырағаны. Сенатор Сүйіндік Алдашевтың мәліметінше, авиабилеттердің бағасына негізінен, авиаотынның жоғары құны әсер етеді. Авиабилет бағасындағы ең үлкен үлес — 36,5% дәл сол авиаотынға жұмсалатын шығындарға тиесілі. Одан кейін техникалық қызмет көрсету шығындары (14,9%), әуежайдың көрсететін қызметі (10,7%) және жолаушыларға қызмет көрсету (6,1%) тұр.

— Тағы бір проблема азаматтық авиация мамандарын қазібі даярлаумен байланысты болып тұр. Азаматтық авиация саласында 23 мыңға жуық адам істейді. Тәжірибелі мамандардың зейнеткерлікке шығуы, жұмыстан кетуі, өмірден өтуі және басқа себептермен, салада жыл сайын 500-600 жаңа маманға деген қажеттілік туындайды. Сала даму үшін одан да көп кадр қажет. Бізде жалғыз оқу орны — Алматыдағы Азаматтық авиация академиясы ғана бар. Алайда сол академияның өзінің еуропалық үлгідегі сертификаты жоқ! — деді Сүйіндік Тасеменұлы.

Салдарынан AirAstana, SCAT, Қазэронавигация сияқты еуропалық стандарттармен істейтін компаниялар Қазақстанның «жан дегенде жалғыз» академиясының түлектерін жұмысқа ала алмайды! Сенаторлар осы мәселелер ұзақ уақыт бойы шешілмей келе жатқанын және отандық азаматтық авиацияға жүйелі қауіп-қатер төнгенін ескертті. Ендеше Үкімет саланы тығырықтан шығару, елді мүлдем авиациясыз қалдырмау және оны тиімді дамыту үшін шұғыл шара қабылдауы қажет.

Тарата айтқанда, біріншіден, отандық азаматтық авиацияны басқарудың тиімді әрі оңтайлы моделін әзірлеу керек. Екіншіден, мұнай өңдеу зауыттарында өндірісті ұлғайтқан жөн. Сондай-ақ авиакеросиннің баға бойынша қолжетімділігін қамтамасыз етуге

бағытталған және отандық, шетелдік авиакомпанияларды авиатотынмен қамтудың бірыңғай жүйелі тәсілін әзірлеуге тиіс. Онсыз Қазақстан ешқашан авиахабқа айнала алмайды және Президент қойған тапсырма сол бойы орындалмайды.

Үшіншіден, саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру жұмысын жандандыру, әуежайлардың қызметіне инвесторларды тартудың оңтайлы тетіктерін жасау да маңызды. Төртіншіден, қажетті мамандарды тиімді даярлауға бағытталған шара, сертификат алу жұмыстары өзекті.

ЖОСПАРЫ ЖАҚСЫ, ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ҚАЛАЙ?

Депутаттарға жауап берген Премьер-Министр бүгінде отынмен қамтудың бірыңғай тәсілін енгізуді, әуежайларды тиімді басқаруды және қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтап, саланың орнықты дамуына ықпал ететін шаралар қабылданып жатқанын мәлімдеді. Олжас Бектенов авиаотынның қымбат құны авиатасымалдар бағасының көтерілуіне және жалпы авиация саласының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне тікелей әсер ететінін растады. Сондықтан Үкімет оның бағасының қолжетімді болуына мән беретінін нықтады. Мәселен, 2024 жылдың қорытындысында елде авиаотынды тұтыну көлемі 866 мың тоннаны құрады. Ал ішкі өндіріс 681 мың тонна ғана.

— Жетіспейтін көлем импорт есебінен өтеледі. Отандық авиатасымалдаушылардың — Air Astana мен SCAT-тың 480 мың тоннадай жылдық ағымдағы сұранысы қазақстандық өндіріс есебінен толығымен өтеледі. Импортталатын отынды негізінен шетелдік авиакомпаниялар тұтынады. Ішкі өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жалғасады, — деді Үкімет басшысы.

Оның айтуынша, 2030 жылға қарай ғана авиаотын өндірісін жылына 1,4—1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарланған. Нақтылағанда, Атырау МӨЗ-ін жаңғырту есебінен оның өндірісі қазіргі 142 мыңнан 165 мың тоннаға

дейін өсуге тиіс. Павлодар МХЗ-да сутегі өндірісінің қондырғысын салу арқасында өндіріс ағымдағы 170 мыңнан 2026 жылға қарай 205 мың тоннаға дейін артпақ. Шымкент МӨЗ-ін кеңейту өндірістің 300 мың тоннадан 1 млн тоннаға дейін ұлғаюына әкеледі.

Олай болса, жұрт 2030 жылға дейін авиабилеттердің арзандауын дәметпесе болады екен. 2030 жылы да авиаотын өндірісінің артуы ұшақпен сапар құнының төмендеуіне ықпал етпеуі мүмкін. Бұл енді авиатасымалдаушыларының саясатына, табыс табу жоспарына байланысты. Премьер-Министр әуежай қызметтерінің тарифін мемлекет реттейтініне және 2017 жылдан бері қайта қаралмағанына назар аудартты.

— Содан әуежайлар толық алынбаған кірісін авиакомпанияларға авиаотынды делдалдардың қатысуымен қымбат өткізу есебінен өтейді. Осыған байланысты Үкімет Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірге шаралар топтамасын іске асыруға кірісті. Біріншіден, бірқатар әуежай қызметінің бағаларын мемлекеттік реттеу жойылады. Оған дайындық жасалуда, — деді Олжас Бектенов.

Екіншіден, әуежайларды айналып өтіп, тура мұнай өңдеу зауыттарынан авиатотынды авиакомпанияларға тікелей жеткізу тетігі енгізіледі. Үкімет жетекшісінің есебінше, бұл бағаны бірден 30%-ға дейін арзандатады. Үшіншіден, инфрақұрылымды пайдаланғаны үшін жанармай жеткізушілердің әуежайларға роялти төлеуінің тетігі пысықталады. Бұдан бөлек, ең жоғарғы көтерме үстемеақыларды белгілеу, хабтарда отын құнының жүйелі мониторингін ұйымдастыру сияқты жұмыс жүргізіледі.

Мұның сыртында білікті мамандармен қамту үшін Азаматтық авиация академиясының оқыту жүйесін жаңғырту шаралары іске асырылады. Академия ұшқыштарды ұшуға даярлау және инженерлік-техникалық оқыту бағдарламаларын Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігінің (EASA) стандарттарына кезек-кезеңімен бейімдей бастады. Академия базасында еуропалық дайындық стандарттарына негізделген заманауи Авиациялық оқу орталығы құрылмақ.

Бұл үшін материалдық-техникалық базасы кеңейтіледі, мамандандырылған оқу әуеайлағы салынады. Оқу-зертханалық кешені жанарғылады, жана тренажерларды сатып алу жоспарланған. Сондай-ақ ENAC, Embry-Riddle, Singapore Aviation Academy сияқты жетекші халықаралық авиация академияларымен әріптестік келісімі жасалды, оқытушыларды қайта даярлау басталды. EASA-ға берілген өтінім аясында биылғы тамызда академияға аудит жүргізілуге тиіс. Сенімді ақтап, тиісті сертификат иеленсе, бұл оның түлектері, ұшқыштар мен инженерлік құрамы біліктілігінің әлемде танылуын қамтамасыз етеді.

ИКАО-мен әріптестікте елде перспективалы бағыттарда маман даярлауға бағдарланған «Пилотсыз авиация орталығын» құру жобасы қолға алынды. Қалай болғанда, Үкімет шын көңіл бөлсе саланың бағы ашылайын деп тұр. Мұның бәрі жай сөз болып, жоспар күйінде қалса, онда Қазақстанға авиациясыз қалу, кері кеткен елге айналу қаупі төнеді.

Елдос СЕНБАЙ

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ IV ОТЫРЫСЫНДА БАЛА ӨМІРІ
МЕН ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛЫП,
«ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» АТТЫ БІРТҰТАС БАҒДАРЛАМА
ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ
ҮШІН ЖАҚЫНДА АРНАЙЫ ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛЫП, ОҒАН МЕМЛЕКЕТТІК
ОРГАНДАР, САРАПШЫЛАР ЖӘНЕ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ
ТАРТЫЛДЫ. ҮКІМЕТ ӨЗІРЛЕЙ БАСТАҒАН «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» ҚАНДАЙ
БАҒДАРЛАМА? БҰЛ ҚҰЖАТ НЕНДІЙ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ?

БАЛА БОЛАШАҒЫНА КЕШЕНДІ ҚАМҚОРЛЫҚ

А Айдана НҮРМҰХАН

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, былтырғы санақ бойынша елімізде 18 жасқа дейінгі балалар саны 6,8 миллионнан асады, бұл — жалпы халықтың 34,1 пайызы. Ұлттық бағдарламаның басты мақсаты — ел тұрғындарының үштен бір бөлігіне тең балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту, олардың өмір сапасын арттыру. Білім, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік қорғау, бос уақытты тиімді пайдалану — осының бәрі бағдарлама аясындағы жеті негізгі бағытқа кіреді. Әр бағыт — баланың жан-жақты дамуы үшін қажет іргетас. Мемлекет бұл бағдарлама арқылы баланың дүниеге келген сәтінен бастап, оның есею жолында кездесетін барлық қажеттіліктерін қамтуға тырысады. Мәселен, мектепке дейінгі тәрбиеден бастап инклюзивті білімге, психологиялық қолдаудан бастап мәдени демалысқа дейінгі аралық түгел қамтылмақ. Жақында «АМАНАТ» партиясы жанынағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасын әзірлеуге арналған алғашқы отырысында осы аталғандардың бірсыпырасы талқыланды.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ — БАСТЫ НАЗАРДА

Бағдарлама бірнеше бағыт бойынша жүзеге асады. Соның бірі — балалардың құқығы мен қауіпсіздігін қорғау. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, қатыгездік, немқұрайлық мәселелері елімізде әлі де өзекті. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, биыл қаңтар-мамыр айларында көмекке толмағандарға қатысты 1 080 құқықбұзушылық тіркелген, бұл бір жыл бұрынғыдан 7,6% көп. Балалар зардап шеккен ең жиі тіркелген құқық-

бұзушылықтар — 16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер (158 іс). Көмектестік жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлау, ұрлық, жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық, бұзақылық және азғындық әрекеттері жиі тіркелген. Ал ЮНИСЕФ-тің 2023 жылғы дерегіне сәйкес, еліміздегі 11–17 жас аралығындағы балалардың 66%-ы зорлықтың бір түріне ұшыраған. Бұл — әрбір үш баланың екеуі қауіпсіз ортада өспей жатыр деген сөз. Осыған орай ұлттық бағдарлама мектептер мен балабақшаларда қауіпсіздік талаптары күшейтіліп, әрбір мекемеде балаға қауіп төнген жағдайда жедел көмек көрсету алгоритмін енгізуді көздейді.

Сонымен қатар балалар денсаулығын сақтау — басты бағыттың бірі. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, қазір әрбір төртінші балада созылмалы ауру бар, ал балалар арасында семіздік пен қимыл-қозғалыс белсенділігінің төмендігі артып отыр. Бұл мәселені шешу үшін бағдарламада мектеп медицинасын күшейту, спорт және саламатты өмір салтына баулу бойынша шаралар қарастырып жатыр. Бұған қоса, елімізде паллиативтік көмекке мұқтаж жандар саны артып келеді. Ресми дерекке сүйенсек, 2023 жылы 107 мыңнан астам адамға паллиативтік көмек қажет болған. Алайда олардың 12 пайызы ғана мұндай көмекке қол жеткізе алған. Бұл — айықпас дертке шалдыққан балалар мен олардың отбасыларына арналған қолдаудың жетіспеуін көрсетеді. Сарапшы Марина Стрелковская: «Айықпас дертке шалдыққан балалары бар отбасылар қымбат жабдықтар мен дәрі-дәрмекті өздері сатып алады. Олар жалғыз күресуге мәжбүр», — деп мәлімдеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК ПЕН САПАЛЫ БІЛІМ — ӘР БАЛАҒА

Бағдарламаның тағы бір өзекті бағыты — балалардың білім алуға және бос уақытын тиімді

пайдалануға қолжетімділігін арттыру. Айырмашылық, әсіресе ауыл мен қала арасындағы білім сапасында анық сезіледі. Мәдени және спорттық даму мүмкіндіктерінің теңсіздігі де байқалады. ArtSport бағдарламасы арқылы үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың басым бөлігі — қалалықтар. Ауылдық өңірлердегі балалардың қамтылуы — 30 пайыздан аз. Ресми деректерге сүйенсек, 2024–2025 оқу жылында елімізде 3,9 миллионнан астам оқушы мектепке барды, 380 мыңнан астам бала қосымша бі-

пайызы ғана инклюзивті ортада білім алуда. Бұл — мектептердің дайын еместігін және арнайы педагогтердің жетіспейтінін көрсетеді. Динара Зәкиева: «Бағдарлама инклюзивті білімнен бастап, баланың цифрлық қауіпсіздігіне дейінгі барлық саланы қамтиды. Біз ерекше балаларға нақты жағдай жасауымыз керек», — дейді.

Сонымен қатар бүгінде мектептегі психологтерге түсетін жүктеме тым жоғары. Норматив бойынша әрбір психолог 300 балаға қызмет көрсетуге тиіс болса,

лықтың алдын алу жұмысынан шет қалып отыруының бір себебі — осы бағыттағы жұмыстардың әртүрлі құжатпен реттелуінде екенін ескерткен болатын. Шын мәнінде, балалармен жұмыс істейтін түрлі мемлекеттік құрылымдар — білім, денсаулық, ішкі істер органдары бірыңғай жүйе бойынша әрекет етпейді. Ауыл мен қала арасындағы қызмет сапасы айырмашылығы 40%-ға дейін жетеді. Динара Зәкиева бұл бағдарлама әкімнен бастап, мұғалім мен учаскелік полицияға дейін балаға ортақ көзқараспен қарауына мүмкіндік беру керектігін айтады. Сондай-ақ балалармен жұмыс істейтін түрлі құрылым арасында нақты және жүйелі үйлестіру жок. Қазір балаларға қатысты 37 түрлі функция әртүрлі министрліктер арасында бөлінген. Алайда олардың арасында өзара байланыс пен деректер алмасу жолға қойылмаған. Мәжіліс депутаты Айна Мысырәлімова бұл туралы: «Көп мәселе заңда көрініс тапқанымен, қаржы жетіспеушілігіне немесе жергілікті орындаушының енжарлығына байланысты шешілмей отыр. Кейде шешім бар, бірақ ол жүйелі жүзеге аспайды», — дейді.

Бүгінде баланың дамуы, денсаулығы, білімі және әлеуметтік жағдайы туралы ақпараттар әртүрлі мемлекеттік жүйелерде шашыранқы сақталады, бірыңғай цифрлық карта жасалмаған. Бұл көмек көрсетуді қиындатады. Қоғам қайраткері Азиза Губашеваның айтуынша, мұндай карта арқылы біз нақты қолдау көрсете алатын едік. Қазіргі жүйеде баланың жағдайын толық бағалау қиын болып отыр. Оның үстіне, бүгінде балалармен жұмыс істейтін әртүрлі сала мамандары — психолог, заңгер, әлеуметтік қызметкер, ювеналды полиция — өзара байланыссыз әрекет етеді. Бұл балаға кешенді көмек көрсетуге кедергі келтіреді. Қауіп-қатерді ерте анықтау және уақтылы қолдау көрсету үшін аталған мамандар бірыңғай жүйеде әрекет етуге тиіс. Ол үшін «бір терезе» қағидаты қажет», — дейді сарапшы.



лім беру (үйірме, секция) жүйесіне қатысады, бұл — жалпы балалар санының 9,8 пайызы ғана. Бағдарлама осы көрсеткішті арттыруды мақсат етіп отыр. Ол үшін балалар шығармашылығы үйлерін, спорт кешендерін көптеп салу, мектеп жанындағы тегін үйірмелер мен секцияларды кеңейту қолға алынбақ.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваның айтуынша, қазір еліміздегі балалардың 11 пайызы әлеуметтік осал отбасыда өсіп жатыр. Бұл балалар көбіне үйірме мен сапалы білімнен тыс қалады. Бағдарламаның шынайы тиімділігі — осындай балаларға нақты қолдау көрсеткенде көрінбек.

Сондай-ақ елімізде ерекше қажеттілігі бар 200 мыңнан астам бала бар. Алайда олардың 40

шын мәнінде бұл көрсеткіш 800–1500 балаға дейін жетеді. Бұл психологиялық қолдаудың сапасына тікелей әсер етеді. Сарапшы Гүлжан Вероцкая осы орайда мектеп бағдарламасына психологпен міндетті сабақтар енгізіп, балалардың психикалық жай-күйін тұрақты бақылау жүйесін қалыптастыру қажеттігін айтады.

Мамандардың айтуынша, елімізде әлеуметтік қызметкерлер де жетіспейді. Бүгінде халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 35 мың маман жұмыс істейді. Олардың ішінде медицина қызметкерлері, арнайы педагогтер және әлеуметтік қызметкерлер бар. Республика бойынша әлеуметтік қызметкерлер саны 12 704 адамды құрайды, оның 1 251-і үкіметтік емес секторда жұмыс

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Редакцияда жылы жүзбен қарсы алған «Balapan» телеарнасының директоры Макпал Укеновамен балалар тақырыбы туралы, арнаның бүгінгі беталысы жайында әңгімелестік. Балалар арнасы ашылған жылдан бүгінге дейін қазақ анимациясының қоржынын 3000-ға жуық сериядан тұратын 160 жобамен толықтырып, 7 892 шығарылымды құрайтын 434 тележоба, 435 сериялы 28 телехикая мен ситком өндіріпті. «Balapan»-да бұрын 0 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға арналған жобалар ұсынып келген болса, қазір көрермен аудиториясы 0 жастан 8 жасқа дейін қысқарған. Экранға жол тартатын жобалар осындай жекелеген жас категориясына сай көрерменнің таным деңгейіне сай әзірленеді.

«Ең кішкентай көрермендер үшін музыкалық, ойын-сауық форматта сандар, түстер, жыл мезгілдерінің атауларын, әріптерді үйрететін жобаларды әзірлейміз. Ал 6 жастан асқан балалар үшін интеллектуалды, спорттық, ғылыми-танымдық жобаларымызды ұсынамыз. The Walt Disney Company, Dream World, Pixar, Universal studios limited, Nickelodeon Animation Studios сынды әлемдік алпауыт анимациялық компаниялардың ең сапалы, сұранысы жоғары телеөнімдерін қазақ тіліне дубляждап, көрермен назарына ұсынып жүрміз. Қазірге дейін әлемдік үздік мультхикаялардың 1000-нан аса сериясы кішкентай көрермендерімізге мемлекеттік тілде жол тартты. Олардың қатарында әйгілі «Элвин және алақоржындар», «Микки Маус клубы», «Сақшы арыстан» секілді аңызға айналған туындылар да бар.

Осы бағдарламаларды эфирге беру кестесі алдын ала жасалған. Мектептегі ауысым уақыты да ескеріліп, кей бағдарламалар қайталанып беріледі», — деді М.Укенова

Балалар контенті дегенде ойымызға ең бірінші анимациялық жобалар оралатыны сөзсіз. 2010 жылдан бері өндірілген отандық анимациялық фильмдердің басым бөлігі «Balapan» арнасына тиесілі. Биыл кішкентай көрерменнің қиялындағы қаһарманына айналған Шокан да «Balapan»-ның жемісі. Толықметражды «Шокан. Қашқария сапары» және төл әдебиетіміздегі аңыз кейіпкер Желаяқтың заманауи образына негізделген киял-ғажайып жанрдағы «Желаяқ» мультфильмдері телеарнаның 15 жылдығына орай шығарылған еді. Одан бөлек, «Токты мен серке» толықметрлі анимациялық жобасы да көрерменге жол тартудың кезегінде тұр.

«Balapan» – еліміздегі балалар контентін өндіретін бірден-бір телеарна. Арна ең ірі отандық медиақұрылым «Қазақстан» телерадио-корпорациясының құрамына кіреді. Бүлдіршіндердің жанын жаулаған 15 жылдың ішінде телеарна балалардың тілі қазақша шығып, ана тілінде көркем сөйлеуіне ықпал етті. Қала берді ата-ана тәрбиесіндегі көмекші құралға айналды. Балалар күні қарсаңында «Balapan» телеарнасының редакциясына барып, арна қызметімен танысып, эфир тізгіндеген кішкентай тілші-балапандармен кездесіп қайтқан едік.

ЭФИР ТІЗГІНДЕГЕН БАЛАҚАЙ

Кішкентай тележүргізушілерді студияда кездестірдік. Әрқайсысы кәсіби журналист ретінде дағдыланған екен. Танымдық, ойын-сауықтық – «Balapan» Live және ғылыми тәжірибелер мен пайдалы лайфхактардан тұратын «Қызық әлем» бағдарламалары күн сайын кішкентай көрерменімен қауышып отырады. Тікелей эфирде шығатын осы бағдарламалардың тізгінін ұстаған 12 жасқа дейінгі 6 жүргізуші бар. Біз «Қызық әлем» бағдарламасының жүргізушілері Әлихан, Елнұр және Рахматулламен тілдестік. Олардың «Balapan»-дағы тәжірибесі 2 жылдан асыпты. Суфлерға ілесіп отыру, құлақтағы гарнитурадан режиссердің берген командасын орындау, тікелей эфирге хабарласқан көрерменнің сұрағы – мұның бәрі кәсіби тележурналистке жүктелген негізгі міндет. Осы

міндеттерді орындап жүрген бүлдіршіндер бағдарлама барысында импровизацияны да жоғары деңгейде қолданады. Жүргізуші балапандар «Қызық әлем» бағдарламасы арқылы түрлі тәжірибе жасап, қатарлас көрермендерінің де таным көкжиегін арттырып келеді.

«Арнамыздың тікелей эфир тізгінін ұстағаным 3 жылдан асты. Бағдарлама сценарийін суфлер арқылы оқимыз, кейде алдын ала жаттап келетін кездер де болады. Тікелей эфирде әртүрлі жағдай болуы мүмкін ғой. Ондайда біз, жүргізушілер импровизация әдісін қолданамыз. Эфир басталуынан 2 сағат бұрын келіп, дайындықты бастаймыз. Бұл біздің сабағымызға ешқандай кедергісін келтірмейді, керісінше мектепте достарымыз бізге қызыға қарайды», — дейді Әлихан Рзахан.

Сондай-ақ тележүргізушілердің «Balapan»-нан сүйіп көретін кейіпкерлері де бар. Рахматулла «Маған Зағдаун ұнайды» десе, Әлихан Питер Пенге

телеөнімді сұрыптап, экранға жолдайтын бас режиссер Қарлығаш Нұрмаханқызы куә болып келе жатыр. Ол кішкентай көрерменге арналған анимациялық жобалардың құрылымына айрықша тоқталды.

– «Balapan» арнасы алғаш құрылған кезде анимациялар 2D форматта ұсынылды, кейіпкерлері аз болды. Ал қазір 3D форматына ауысып, ауқымды локациялар қосып, кейіпкерлердің санын 10-ға дейін көбейтіп жатырмыз. Олардың әрекеттерін құрастыру – өте қиын қадамның бірі. Бұл біздің ғана емес, бізбен қатар жұмысты атқарып келе жатқан аутсорсинг компаниялардың да деңгейінің өскенін көрсетеді. Анимация ең бірінші идеядан басталады. Идея құрылғаннан кейін кішігірім синопсис жасалады да, ол бекітілгеннен кейін сценарий жазылады. Жазылып біткеннен кейін ғана аниматикке кірісеміз. Отандық анимацияны ұсынған кезде өзімізге тән ерекшеліктерді назардан

БАЛАЛАРҒА БОЛҒАН

ұқсағысы келеді, ал Елнұрдың сүйікті кейіпкері – «Желаяқ». Кішкентай тележүргізушілер өскенде кәсіби, белгілі журналист болуды армандайды екен.

«BALAPAN»-НЫҢ КОДЫ – ОТАНДЫҚ АНИМАЦИЯ

«Balapan» телеарнасы алғашқы жұмысын осыдан тура 15 жыл бұрын бастағанын жоғарыда айттық. Осы жылдар ішінде «Balapan» телеарнасының анимациялық жобалары ағылшын, испан және португал тілдерінде АҚШ, Латын Америкасы және Ресей мемлекеттерінің интернет платформалары арқылы көрсетілді. Арнаның негізі қаланғаннан бері жобалардың берілу тәсілінде, бала қиялындағы кейіпкерлерде, тіпті «Balapan»-ның көрермен аудиториясында да өзгерістің нышандары байқалды. Осының бәріне арна ашылғалы бері қызметін тоқтатпай, балаларға арналған

тыс қалдырмауымыз шарт. Өйткені кішкентай бала ұлттық дәстүріміз бен мәдениетінімізді айшықтайтын дүниені көріп өсуі керек, — деді Қарлығаш Әбдібаева.

«Balapan» телеарнасының бас редакторы Әйгерім Балғабаева әрбір өнімнің қызық та пайдалы, бала тіліне, санасына сай жеңіл, танымдық сипатта болуы, әр жобада ұлттық идеологиямен қатар жалпыадамзаттық құндылықтардың қамтылуын басты назарға алатынын айтты. Кез келген жобаны әуелі идея деңгейінде жан-жақты талдап, өндіріс барысында балалар психологі, педагог, филолог, этнограф сынды кәсіби салалық мамандардың кеңесіне сүйенетінін атап өтті. Осылайша, 15 жыл ішінде қазақ тілді балалар контентін құрудың өзіндік қағидалары қалыптасып үлгергенін және өнім сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар үздіксіз жүргізіле беретінін жеткізді.



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

«Арнаның хед-лайнерлі онлайн-офлайн форматтағы үлкен кастингтер арқылы іріктеледі. Тіпті, әр мектепті, балаларға арналған өнер-білім орталықтарын шарлап жүріп іздейміз. Кастингтің алғашқы кезеңінен өткендер студиядағы іріктеуге қатысады» деп сөзін түйді бас редактор Ә.Балғабаева.

«Balapan» – аутсорсинг жүйесімен жұмыс істейтін арна. Яғни, аутсорсинг компаниялар арасында байқау өтіп, ондағы бірегей жобалар таңдалып алынады. 100-ден аса келіп түскен ұсыныстардан іріктеліп алынған 20-30 жоба питчингке қатысады. Арнаның бұл бағытындағы қызметін бас продюсер Әйгерім Мейрамовадан сұрадық. Ол көпшілікті қызықтыратын байқаудың қалай өтетінін айтып берді.

«Жыл көлемінде аудио-визуалды жобалар, телехикаялар, мультхикаялар жасайтын шығармашылық студияларынан бірнеше бағытта жобаларды қабылдаймыз. Алдымен ауқымды конкурс

жобалар жасауды да қолға алған. Атап айтқанда, Qazaqstan телерадиокорпорациясы шығарған «Асыл мұра» аудиожинағына енген халық ертегілері желісімен мультхикаялар жасалып, «Аю мен түлкі» атты алғашқы сериясы эфирден көрсетілді. Сондай-ақ арнаның брендтік бейнелері – «Balapan» кейіпкерлердің қатысуымен әртүрлі саланың қыр-сырын баяндайтын «Біле, жүр, балакай» 10 сериялы мультфильмдер топтамасы да жасанды интелект арқылы әзірленіп жатыр.

Телеарна тек балаларға арналған контент ұсынып қана қоймай, әлеуметтік жобаларға да басымдық беріп келеді. Атап айтқанда, жаһанды жайлаған пандемия кезінде «Balapan» телемектептің рөлін атқарып, оқушылардың білім көшінен қалмай, оқубағдарламаларын толық меңгеруіне атсалысып еді. Одан бөлек, 2021 жылы телеарнаның жанынан «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған әлеуметтік анимация



БАҒДАР «BALAPAN»

жариялаймыз. Конкурса қатысушыларға белгіленген талаптар қойылады. Олардың ұсынған идеясынан бастап, жобаны жүзеге асыру әлеуетіне дейін толық зерттейміз. Компанияның бұған дейінгі тәжірибесі де ескеріледі. Корпорацияның басшылық құрамы және жауапты әрі жоғары білікті мамандарынан құрылған көркемдік кеңес әр ұсынылған жобаны ашық талдап, таразылап өндіріске жіберу туралы шешім қабылдайды. Арнаның шығармашылық құрамы өндіріске алынған жобалардың сценарийін жазу процесінен бастап, түсірілімге, анимация салуға қатысты барлық жұмысқа толыққанды қатысады», – деді бас продюсер.

БАБЫ КЕЛІСКЕН «BALAPAN»

Биыл «Balapan» арнасы 10 анимациялық жоба өндіріп жатыр. «Жалын мен Мөлдір», «Сұлтан Бейбарыс. Мысыр құпиялары», «Жедел достық», «Киберқауіпсіздік» сияқты бірқатар анима-



мектебі» құрылған. Мектепке қабылданған 30 оқушыға отандық аниматор мамандармен қатар, Оңтүстік Корея және Жапония елдерінің мультипликатор мамандары дәріс оқып, шеберлік сабақтарын өткізді. Балалар жылында есте қалар ерекше бағдарламалардың бірі –

Биыл «Balapan» арнасы 10 анимациялық жоба өндіріп жатыр. «Жалын мен Мөлдір», «Сұлтан Бейбарыс. Мысыр құпиялары», «Жедел достық», «Киберқауіпсіздік» сияқты бірқатар анимациялық жобалар достық, оқу-ағарту, тарих, ұлттық салт-дәстүрлер және киберқауіпсіздік сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Бұған қоса, жасанды интелексті пайдаланып, анимациялық жобалар жасауды да қолға алған.

циялық жобалар достық, оқу-ағарту, тарих, ұлттық салт-дәстүрлер және киберқауіпсіздік сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Бұған қоса, жасанды интелексті пайдаланып, анимациялық

«Атамекен» арнайы жобасы. «Balapan» арнасы «Отандастар» қорының бастамасымен атамекенге сағына жеткен шетелдегі қазақ балалары туралы фильм түсірді. Арна 10 жылдығына орай көрер-

мендер арасында кең танылған анимациялық сериалдар негізінде «Менің сүйікті кейіпкерім» ертегілер жинағын шығарды. Мұның барлығы – балалардың назарын аударған, балалар тақырыбына бет бұрған арна үшін үлкен жетістік.

Бүгінде әлем телеарналардан гөрі интернет желілері арқылы ақпарат алуды дағдыға айналдыра бастады. Осы ретте «Balapan» да эфирден тыс, әлеуметтік желілердегі ресми каналдарын қатар дамытуға ден қойып келеді. Арнаның цифрлық кеңістіктегі белсенділігі жыл сайын артып жатқанын төмендегі сандар дәлелдейді: YouTube арнасындағы жазылушылар саны 2,5 миллионға жуықтап, контенттердің жалпы қаралымы 1 млрд-тан асты. Сондай-ақ телеарнаның Instagram және TikTok парақшаларындағы оқырман саны да жүйелі түрде артып келеді.

Халықаралық балаларды қорғау күнінде ғана емес, әр сәтте олардың қалауын орындауға міндеттіміз. Өйткені елдің болашағы қандай болары бүгінгі кішкентай балаларға берілетін тәрбиеге байланысты. Балалар – үнемі қоғамның басты назарында. Осы тұста «Balapan» телеарнасының да атқаратын қызметі айрықша. 1 маусым балалар күніне орай «Balapan»-ның да бүлдіршіндерге арнаған жобалары бар. Оқу-ағарту министрлігі, QAZAQ радиосы және «Balapan» ТА бірлескен жобасы «Әншуақ» республикалық қазақ тіліндегі балалар әндері радио фестивалінің Астана қаласында өтетін «Гала концерті» мен «Біз бақытты баламыз» арнайы жобасын көрермен назарына ұсынбақ.

Қазақ баласының тілі мен танымын дамытуға, ұлттық тәрбиені ұлықтауға, ұрпақ санасына ізгілік дәнін себуге бағытталған бұл арна – бір ғана экран емес, тұтас ұрпақтың жан серігіне айналып келеді. «Balapan» – бүлдіршінге бағыт, балаға бағдар, ұлт болашағына жасалған берік инвестиция.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ләззат ТАНЫСБАЙ,
«Қазақстан»
телерадиокорпорациясының
Басқарма төрайымы:

**Миссиямыз –
көркем сөйлейтін
ұрпақ тәрбиелеу**

Әлі күнге дейін есімде, арна жұмысын он бес жыл бұрын Корпорация ішінен құрылған шағын ғана топпен бастаған болатынбыз. Айналасы 3-4 айдың ішінде эфирге шығардық. Еліміздегі ең алғашқы салалық телеарна болғандықтан, шығармашылық, техникалық базасын қалыптастыру, 17 сағаттық эфир кестесін толтыру оңай болған жоқ. Тіпті, қазіргі күннің өзінде арна эфирін өндірісі өте қымбат тұратын анимациялық жобалармен толтыру оңай емес, ал ол кезде нарықта балаларға арналған мультипликациялық өнімдер мүлдем болған жоқ. Осылайша, «Balapan» арнасының сұранысының нәтижесінде нарықта анимация өндіретін алғашқы продакшндар пайда болды. «Balapan» арнасы осы жылдар ішінде жалпы анимация индустриясының дамуына түрткі болып, арнаның төл өнімдерінің үлкен экрандарға шығуына дейінгі үлкен даму жолынан өтті. Мұның барлығы сол кезде балалар арнасының аяқтан нық тұруы үшін аянбай қызмет еткен біздің әріптестеріміздің еңбегінің жемісі.

Жалпы, арнаның он бес жылдағы ең басты жетістігі ретінде өз ана тілінде таза, көркем сөйлейтін жаңа буын ұрпақ тәрбиелеп шыққанын айтар едім. Бұл – әрі қарай да біздің негізгі миссиямыз болып қала береді.

Соңғы екі жылда біз «Balapan» телеарнасын шетелдік кабельдік операторлар арқылы Өзбекстан, Қырғызстан және Моңғолия мемлекеттерінің аумағына таратып отырмыз. Бұл бір жағы сол елдерде тұратын қандастарымыз үшін өз ана тіліндегі контентті пайдалануға мүмкіндік берсе, екіншіден, өзге елдердегі «жұмсақ күшіміз». Естеріңізде болса, Қырғыздың Жоғарғы кеңесінің депутаттары «Balapan» телеарнасын көретін қырғыз балаларының тілі қазақша шығып жатқанын айтып дабыл қаққан болатын. Бұл үрдіс он бес жыл ішінде «Balapan» арнасының тек медианарықтағы емес, мемлекеттік деңгейдегі брендке айналғанын көрсетті деуге болады.

РУХАНИЯТ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Ән – жүректің елшісі, көңілдің көпірі. Ал оның ұлттық бояуы қанық болса, елдік бейнеңді сақтап, жан дүние, бар болмысыңды болашаққа тасымалдап, шашыратпай, шашып-төкпей, келесі ғасырдың босағасына шығарып салады. Науқасқа басқа қан тобын құйып жіберу қандай қауіпті болса, музыкалық талғамыңды мипалау жасау да сондай үрейлі әрекет. Барабаншыл батыстың жеңіл, салмағы қаңбақтай ұшпа әндеріне өз топырағына терең тамыр жіберген халықтық сазы ғана қарсы тұра алады. Сондай аяулы ақын-композиторымыздың бірі – Асхат Сүйіндік.

Әннің ажарын ашқан лағыл жырлар



Адам өзіне жарасқан киімді ұқыптап, жұрт мақтағасын ұзақ үстінен тастамай киеді. Сол сияқты ән мен мәтін бір-біріне жарасса, гүл мен топырақтай үйлесімде болса, онда тотықұстай таранып, масатыдай құлпырып шыға келеді. Оның әділ төрешісі саналар тындарманның сеніміне төрлеп, бір-екі күнге келген «қонағына» емес, үйінің «тұрақты тұрғынына» айналады. Кәсіби ақындық деңгейге көтерілген, шығармашылық қуаты замандастары тарапынан мойындалған Асхат Сүйіндік ән мәтіндерін жазуға хобби ретінде қарамайды. Өзінің де тамаша авторлық әндері бар. Отар қойын сыртынан санап қойып, кейбір шопандардай «түгел екен» деп токмейіліп жүре бермейді, әр нәрсенің ішіне үңіліп, ықпыл-жықпылына барлап қана әнге жан беретін маржандай асыл сөздер тауып, композитормен шығармашылық одақта жұмыс істейді.

Отанға деген махаббат, туған жерге деген сүйіспеншілік, он сегіз бен жиырма бестің бұлқынған бұла сезімі, жан түкпіріндегі нәзік дауыстарды еститін сыршыл лиризм, ақ пен қараның арпалысы, жақсы мен жаманның тартысы – Асхат Сүйіндік жырларының негізгі қозғаушы күші. Абай туған топырақтың перзенті арзан мен жасыққа әуестенбейді. «Құлақтан кіріп, бойды алар» шедевр дүниелер ғана тудырады. Он саусағынан бал тамған ағаш шебері сөз құрылысына да, мелодияның ішкі гармониясы мен сыртқы пластикасына да ерекше мән береді. Өзі жасаған жиһаздардың беріктігі мен сұлулығына қалай акцент қойса, осы талапты ақындық лабораториясына да басты критерий қылып алады.

Құдіретті музыканың кез келген халықтың санасын төңкеріп салатын күші бар. Батыс елдерінің тарихында жауынгерлік, пафостық шығармаларының

революциялық көңіл күй сыйлаған мысалдары аз емес. Адольф Гитлер Рихард Вагнердің үрмелі аспаптарға басымдық берген оркестрінің қуатын неміс ұлтының ой-талғамына сіңіріп, Екінші дүниежүзлік соғыстың тұтануына алып келді. Жазушы Дидрахмед Әшімханұлы Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеруде бірінші кезекте идеологиялық жұмыстар жүргенін айта келіп: «Жерге соқа түсу

Қайырмасы:
Тәуелсіз елім!
Кең байтақ жерім,
Тербетсін сені, анаңдай керім.
Ерікті санам,
Егемен далам,
Ертеңім саған, аманат балам, –
деп тебіренеді. Автор өмір эста-

популяцияны тежеп, руханиятымызға бесік атын қайтарып беру үшін бізге де ауадай қажет. Оның жарқын өкілі саналатын Асхат Сүйіндіктей өнерпаздарды қолдап-қолпаштап, көркемдік көкжиегін тани білуіміз қажет. Әзірше ұлттың ұпайын түгендейтін бұл мақсатты олар үндемей атқарып келеді. Бүгінгі заманның Ілияс Омаровы мен Өзбекәлі Жәнібековы қайта туып, мәдени кеңістігімізде бір серпіліс боларына сенеміз.

Атамекен, туған жері – әркімнің бойтұмары. Суы бал, шөбі шүйгін, самалы жанынды тербейтін өскен өңірінің өрнегі бөлек. Оны жырында тұмарлап, әуезбен құнарлап, көңілінде кестелемеген өнер иесі кемде-кем. Асхат Сүйіндіктің «Аягөз ағады» туындысы – соның бір дәлелі.

– Неге мұңлы, Аягөздің жанары,
Жаз ғұмырдың

жоғалған ба жамалы.

Жүрегінен кешегідей жыр тулап,
Тербемейді Өкпегінің самалы, –
дейді автор. Әнге әр беретін, бойына қан жүгіртетін ғажап



үшін, алдымен қағазға нота түскен», – деген еді. Демек, елдік мұраттарды баянды етуде, мемлекетшіл рухты қалыптастыруда пернелердің дұрыс басылуын ойламасақ, алдымыздан түрлі перделер шыға беретіні анық. Бұл миссияны Асхат Сүйіндік өте терең түсінеді. «Балама аманат» өлеңінде:

– Тербетіп сені, әлдилеп балам,
Шырқатып айтып берейін жаңа ән.
Көзіңді ашып қарай ғой, қарғам,
Нұрлы еді қандай сен келген ғалам.

Қазақтың жері – сен жатқан бесік,
Алладан бүгін бұйырған несін.
Ертегі елің Ертөстік болып,
Құлпырып бүгін, келеді өсіп.



Отанға деген махаббат, туған жерге деген сүйіспеншілік, он сегіз бен жиырма бестің бұлқынған бұла сезімі, жан түкпіріндегі нәзік дауыстарды еститін сыршыл лиризм, ақ пен қараның арпалысы, жақсы мен жаманның тартысы – Асхат Сүйіндік жырларының негізгі қозғаушы күші.

фетасын ертеңге жалғар жас буынға ел мен жердің қадірін түсіндіріп, отансүйгіштік сезімін оятады. Жазушы Лев Толстой «Крейсер сонатасы» повесінде әншілердің репертуарын мұқият қадағалайтын қытай елінің тәжірибесін сүйсіне баяндайды. Дәл осындай постулат попсалық

сурет. Ностальгия. Сағыныш. Шығыстың алқасындай Аягөз өңірі көз алдына келіп, жұпарын сезінесің. «Аядай бұлақ деседі» деп келетін Мұқағали Мақатаевтың «Аягөз – ару» жырымен үндесік табасың. Әнмен астасқан мөлдір сезімнің тұнығына сүңгіп кетіп, біраз уақыт жағаға

шыққың келмей, ғаламат күй кешесің.

Белгілі композитор, әнші Тұрсынғазы Рахимовтың «Сәби болғым келеді» әнін білмейтін қазақ жоқ. Асхат Сүйіндік сол маэстроға жақсы шәкірт болып, ақылын көп тыңдаған. Тек жерлес қана емес, рухани әкесі санаған. Осы тандем «Тұрсынғазы әні» туындысын өмірге әкелді.

– Қазақтың ұлы,
Ғажайып үні,
Даламда дабылдаған.
Ақанға іні,
Біржан сал пірі,
Кешегі жалындаған.
Тыңдайсың ұйып,
Жүрекпен сүйіп,
Әуенін ол ырғаған.
Толғаса сазды,
Қондырған қазды,
Көліне мамырлаған, –

дейді ол бар махаббатымен. Сөзбен тұрғызылған ескерткіш, әнмен қашалған мүсін! Оңаша қалып тыңдай бергің келеді. Ұстазды ұлықтаудың, оны ұмытпаудың керемет үлгісі.

Аламанда атой салудың эмоциялық тұсы, желпіндірер күші керемет жігер береді. Ағызып өтетін арғымақтың шабысына кім сүйсінбейді?! Асхат Сүйіндіктің «Тұлпарым» жырында осы мінез бар.

– Пай, шіркін, жануарым!
Келеді жасауымды,
дауылдапты,
Шабандоз қамшыңды
бас сауырлатып.

Әй, азамат,
Алға, қазақ, алға, қазақ! –
дейді аласұрған ақын жүрек. Қос құлағын қайшылап тұрған Тайбурылды көз алдына әкеледі. Бұл туындыны тыңдаған қаланың қақатұяқ баласы, ат жарысын ипподромда тамашалаған бостекі қалпынан арылып, қолына қамшы ұстары анық.

Асхат ақын көңіл пірімдерін шебер суреттеп, жүректің нәзік қылын шерте біледі. Лирикалық тақырыпта жазған шығармаларының бояуы бөлек, келбеті сұлу. «Алматы түні», «Өмір», «Тағдыр», «Ана», «Бауырым», «Арман-ай» т.б. ішкі энергетикасы, музыкамен ымдасуы ғажап. Мысалы, «Құс жолы» өлеңінде:

– Құс жолы – менің де
алыс сапарым,
Қарап тұрмын қаздың
қайтқан қатарын.
Тіршіліктің таусылғанда жаз әні,
Құсқа ілесіп,

қалқып бара жатамын, –
деп толғайды ол. Өмір философиясы. Оның поэзиясы мен ән мәтіндерінде айдың арғы бетіне үңіліп – тағдыр сынағы мен тіршілік тауқымет еңсеру, ұршықтай иірілен жылдар мәнін түсіну мен сынаптай сырғыған уақыт қадіріне жету, сөйтіп оқырманмен тындарманға өзінің қорытындысын ұсыну бар. Аймандай ақынды ерекшелеп тұрғаны да осы қасиеті!

**Бекжан ӘШІРБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты**

Елімізде бала қауіпсіздігі мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Себебі кейінгі жылдары балаларға қатысты қайғылы деректердің статистикасы артпаса, кемімеген. Төтенше жағдайлар министрлігі дерегінше, жыл басынан бері 60 бала терезеден құлап кеткен. Оның ішінде 55 бала түрлі жарақат алса, 5 бүлдіршін алған жарақаты салдарынан көз жұмған. Былтыр осындай қайғылы жағдайға қатысты 196 дерек тіркелген. Министрлік мұндай жазатайым оқиғалар әдетте ата-ананың қарауынсыз қалған 2 жастан 13 жасқа дейінгі балалар арасында жиі болатынын мәлімдеген.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Дегенмен қазіргі уақытта елімізде осы түйткілдің алдын алуға бағытталған бастамалар мен шаралар да жоқ емес. Бала қауіпсіздігі мәселесін алдын алуға ықпал ететін ең басты күш — ақпараттық үгіт-насихат жұмы-

сын жүргізу. Осы мақсатта Алматы қаласының білім беру ұйымдары «Қазақстан балалары» жобасы аясында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар легін бастап кетті. Соның бірі — Алматы қаласындағы №83 гимназияда өткен «Құтқарушылар мен өрт сөндірушілер балалар көзімен» атты сурет байқауы. Іс-шараға Түркісіб

ауданында орналасқан 28 білім ошағының оқушылары қатысты.

— Бұл байқау балаларға қауіпсіздік ережелерін шығармашылық арқылы түсіндіруге тамаша мүмкіндік болды. Оқушылар арасында ұйымдастырылған байқаудың негізгі мақсаты — балалардың санасында құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің күрделі әрі жауапты



Жыл сайын елімізде 10 мыңнан астам өрт жағдайы тіркелсе, оның нәтижесінде 300-ден астам адам қаза табады. Әсіресе, өрт апаты көп жағдайда тұрғын үй секторында орын алады.

еңбегі туралы түсінік қалыптастыру, олардың батылдығына құрметпен қарауға үйрету, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде қалай әрекет ету қажет екенін көрсету, қауіпсіздік бойынша білімін арттыруға үлес қосу, — деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Сурет байқауына қатысқан оқушылар өздерінің шығармашылық жұмысы арқылы қоғамның қауіпсіздігі үшін қалтқысыз қызмет етіп жүрген азаматтарға алғысын жеткізді. Балалардың шексіз қиялынан туған суреттерде өрт сөндірушілердің қызыл жалынмен арпалыс сәттері, құтқарушылардың адамдарды тілсіз жаудан аман алып шыққан көріністері бейнеленген. Ұйымдастырушылардың айтуынша,

Алматы қаласында өткен ағартушылық және алдын алу іс-шараларына 120 мыңнан астам оқушы, 15 мың педагог пен ата-ана қатысқан.

Жыл сайын елімізде 10 мыңнан астам өрт жағдайы тіркелсе, оның нәтижесінде 300-ден астам адам қаза табады. Әсіресе, өрт апаты көп жағдайда тұрғын үй секторында орын алады. 2024 жылдың қазан айындағы ресми дереккөздерге назар аударсақ, тұрғын үй секторында 100-ден астам өрт тіркелген. Қызыл жалын салдарынан 6 бала қаза тапқан.

Бала қауіпсіздігі — мектептегі мұғалім мен үйдегі ата-анаға ғана емес, қоғамға ортақ жауапкершілік.



Соңғы күндері еліміздің бірнеше өңірін шегіртке басып, шаруалардың күйі қашып тұр. Соның ішінде жасыл зиянкестер Сыр өңіріндегі жайылым жерлерді түгел жайпап, егістік алқабын жайқалтып, төрт түлігін түлетіп отырған ағайынды алаңдаушылық күйге түсірді.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Көк шөпті түгін қалдырмай қырып келе жатқан канатты зиянкестің зардабын көріп отырған аймақтың бірі — Арал өңірі. Онсыз да тіршілік нәріне сусап отырған өңір халқы «биыл қуаңшылықтың қыспағында қаламыз ба?» деген қорқыныш құшағында қалды. Әсіресе, Арал ауданының қыр беткейіндегі ахуал алаңдатарлық күйге жеткен.

Жуырда осы мәселеге орай өңірге Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров келіп кетті. Министрдің қатысуымен облыс орталығында арнайы штаб отырысы өтті. Мұнан соң министр Арал өңіріне ат басын бұрып, шегірткеге қарсы атқарылып жатқан шараларды көзбен көріп, жергілікті тұрғындармен кездесті.

«Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша 60 мың гектар аумақ зерттелді. Оның 18 мың гектары химиялық өңдеу қажет. Соған орай бүгінге дейін 11 700 гектар жер өңделді. Бұл жұмыстың барынша тез аяқталуын және

СЫРДАҒЫ АХУАЛ АЛАҢДАТАДЫ

сапалы орындалуын жеке бақылауымда ұстаймын», — деді кездесуде министр.

Мәліметке сәйкес, облыста үйірлі шегірткеге қарсы күрес шаралары қарқын алды. Негізінен, аймақта жоспарланған 19,654 гектар жердің 11,706 гектары өңдеуден өткізілген. Бұл жұмыстарға 4 жеңіл және 2 аса жеңіл ұшақ, 12 жерүсті агрегат, 5 дрон мен 45 арқаға асылатын бүріккіш құрал қолданылуда. Жоспарланған алаңдарға жеткізуші ұйымдармен де келісімшарт жасалған. Үйлестіру жұмыстарын жүргізу үшін облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жақанов басқаратын жедел штаб құрылып, барлық ауданда жұмыс жүргізіліп жатыр.

Зиянкестерді жою бағытында жергілікті жерлерде мониторинг пен бақылау жұмыстарын жүргізуге 279 маман тартылыпты. Осы орайда тиісті жұмыстарға еріктілер де белсене атсалысып жатқанын айта кету керек. Нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін 474,1 мың гектар жер зерттеліп, үйірлі шегірткенің дернәсілдері анықталған. Мамандар тарапынан шегірткелер шеруінен ауыл шаруашылығы дақылдарына зиян келу фактілері тіркелмегенін алға тартып отыр.

Дейтұрғанмен, ауылдағы ағайынның айтар بازیнасы көп. Әсіресе, ауданға қарасты шегірткелер шоғырланған Қарақұм ауылы халқының алаңдауы бекер емес. Осы орайда зиянкестердің зардабын тартып отырған аталмыш ауылдың бүгінгі ахуалын білу мақсатында тұрғындар пікірін тыңдап көрдік. «Биыл зиянкестердің қарқыны қатты болды. Мындаған гектар жерді жарамсыз күйге түсірді. Алайда облыстық, аудандық жауапты орындар тарапынан шегірткемен күрес жұмыстары тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр. Ауылымызға түрлі техникалар жеткізіліп, тынымсыз күрес қолға алынды. Нәтижесі де жаман емес», — дейді ауыл тұрғыны Абай Әбішев.

Негізінен, бағыздан құм қойнауындағы Қарақұм ауылдық округінің негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығымен тығыз байланысты екені мәлім. Төрт түлігін түлетіп, жаз жайлауда жайбарақат тіршілік етіп жүрген ауыл халқының шегірткелер шабуылынан кейінгі ахуалы алаңдатарлық күйге түсіп қалғаны айтпаса да түсінікті. Соған орай тұрғындар көкейдегі талап-тілектерін де жеткізіп отыр.

Шегірткелер шеру ауданның Сыр беткейіндегі ауылдарды да

айналып өтпеді. Анау айтқандай, қиындық туындамаса да, кейбір ауылдар зиянкестердің салқынын сезінбей қалмағанын мәлімдеп отыр.

«Негізінен, шегірткелер шеруі Арал өңірінің қыр беткейіндегі ауылдарда жиі байқалуда. Яғни, Қарақұм, Тоқабай, Шижаға сынды елді мекендерге көп зиян келтірді. Бүгін өзіміздің Ақбай ауылындағы екі шаруа қожалығының жерінен зиянкестердің бой көрсетуі байқалып қалды. Соған орай ауыл шаруашылығы мамандары арнайы келіп, улау, жою шараларын қолға алып жатыр. Бірақ әзірге айтарлықтай зиянын тигізе қойған жоқ», — дейді бұл тұрғыда Акирек ауылдық округінің әкімі Қайрат Аманжолов.

Жалпы, Қызылорда облысының солтүстік ауданындағы ахуал әлі де болса алаңдатарлық күйде тұр. Тиісті мамандар тарапынан зиянкестерді жою шаралары жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанына шүбә жоқ. Алайда шаруалар ала жаздай төрт түлігіне азық таппай, жер тырнап калудан қорқып отыр. Бір сөзбен айтқанда, зиянкестерді жоюмен мәселе түбегейлі шешілмейтінін қаперде ұстаған абзал.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Зиялы қауымның тағдыры ел тағдырынан әсте тыс қалған емес. Саяси құғын-сүргіннің аяусыз құрбандары болған ұлт зиялыларының тұлғасы әрқашан биік тұрары сөзсіз. Озық ойлы қазақ зиялылары сауаттылықтан басқа саяси көзқарас қалыптастыруға, отаршыл үкіметтің шешімдеріне қарсы тұруға мәжбүр болды. Солардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры Әлімхан Ермеков еді. Алаш арысы ұстаздық еткен жолда талай шәкірт тәлім-тәрбиесін көрді. Оның бірі – ғалым Савет Сағынтайұлы.

– Сіз Әлімхан Ермеков есімін алғаш рет қашан және қалай естідіңіз? Ол кісімен алғаш танысқан сәтіңіз есіңізде ме?

– Әлімхан Ермековтің есімін алғаш рет студент кезімде естідім. Жалпы, өзім математика тарихына қызығатыным, қазақтың көрнекті математиктері туралы көп оқитыным. Сол кезде оның есімі жиі кездесетін. Университет бітіргеннен кейін жас мамандарды түрлі орынға жұмысқа жіберетін. Бір күні деканымыз Тұрлыбек Келтенов кабинетіне шақырды. Барсам, жанында бір кісі бар екен. Сәлем бергеннен кейін: «Міне, мына кісі – қазақ халқының тұңғыш математигі, бірнеше кітаптың авторы Әлімхан Ермеков», – деп таныстырды. Сөйтсем, мені ұстазбен таныстыру үшін шақырыпты. Сосын: «Сағынтаев, сен техникалық университетке мұғалім болып барасын», – деді. Деканымыз өте тік мінезді, сөзін қысқа, бұйрық райда айтатын адам еді. Мен сасып қалдым. Жасым небәрі 22-де, психологиялық жағынан да дайын емес едім. «Бара алмаймын», – дедім. Себебі ол жақтағы талаптың жоғары екенін, білімді студенттердің көп екенін еститінбіз. Содан болар, бойымда қорқыныш болды. Сол кезде жанында отырған Ермеков: «Савет, қорықпа. Қазір сыртқа шығып сөйлесеміз», – деді.



Осылай мен Әлімхан Ермековпен алғаш рет таныстым. Сыртқа шыққан соң, ол кісі мені үйіне алып кетті. Ленин көшесімен жүріп бара жатып, маған жылы сөздер айтты. «Мен де алғаш Ташкенттегі Жоғары педагогикалық институтқа мұғалім болып барған кезде дәл сен сияқты қорыққанмын. Уайымдама. Сен кездейсоқ тандалып тұрған жоқсың – факультеттің деканы мен мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағаларының ұсынысы», – деді. Сосын үйіне барып, шай іштік. Кейін өзі жетектеп жүріп, политехникалық институтқа ертіп барды. Кафедрадағы жауапты адамдармен таныстырып, жұмысқа орналастырып кетті. Сол кездесуден кейін ол кісіні көп көре алмадым. Сол кезде ойлап қарасам, Ермеков ағамыздың жасы 71-де екен.

Савет САҒЫНТАЙҰЛЫ,
Әлімхан Ермековтің шәкірті:

ӘЛІМХАН – ҒЫЛЫМДА ДА ТӨҢКЕРІС ЖАСАҒАН ҚАЙРАТКЕР

– Әлімхан Ермековтің математикалық еңбектерінің бүгінгі ғылымға, нақты айтсақ, Қазақстандағы математика ғылымының дамуына қандай әсері болды деп ойлайсыз?

– Әлімхан Әбуұлының ғалым ретіндегі басты ерекшелігі қазақ математика ғылымының іргетасын қалағанында деп есептеймін. Себебі қазақ халқынан алғаш болып жоғары оқу орындарына арналған математика оқулығын жазған сол кісі. Оның жазған оқулықтары қазақ тілінде, бірақ латын әрпімен жазылған. Бұл еңбектерді өз көзіммен көрдім, түрлі конференция мен ғылыми жиындарда да осы

Ермеков. Оларды біріктірген идея қандай болды?


– Әлімхан Ермековтің саяси қайраткер екендігі тарихтан, әдебиеттен белгілі. Ол тек ғалым ғана емес, мемлекеттігімізді қалыптастыруға да үлкен үлес қосқан тұлға. Алаш қозғалысы арқылы ол қазақ елінің дербес мемлекет болуына бар күшін салды. Дербес мемлекет болу үшін, ең алдымен, оның өзі тілі болуы керек. Ал тілдің өркендеуі – ғылымның сол тілде сөйлеуімен тікелей байланысты. Ғылым өз тілімізде дамыса ғана мемлекеттің негізі бекиді. Осы тұрғыдан алғанда, Әлімхан Ермеков сияқты ұлы тұлғалар бір жағынан ғылымда үлкен өзгерістер жасап жатса, екінші жағынан елдің тағдырына аландап, оны саяси деңгейде шешуге атсалысты. Алаш зиялыларын біріктірген де – осы ұлттық идея, тәуелсіз ел болу мұраты еді.

– Ермековтің ұстаз ретіндегі бейнесін қалай сипаттар едіңіз?

– Әлімхан Ермековті өзімнің «ұстазым» деп есептеймін. Неге десеңіз, мен оның тікелей шәкірті болмасам да, өміріме бағыт берген, ұстаздық жолыма себепші болған тұлға – дәл сол кісі. Ол мені тандап, университетке алып барды. Сол күні 402-аудиторияда бір топқа дәріс оқыды. Сол дәрісті өз құлағыммен тындап, ол кісінің білім беру мәнерін, тереңдігін көргеннен кейін, мен оны өзімнің оқытушым деп санадым. Одан бөлек, мен «Ермековтің ғылыми және педагогикалық жолын жалғастырып келе жатқан аз ғана математиктердің бірі – тіпті жалғызмын» деп есептеймін.

– Сіз үшін Әлімхан Ермеков қандай адамдық қасиеттерімен үлгі? Одан не үйрендіңіз?

– Бағана айтқандай, екеуіміз көлікте жеке келе жатқан кезде: «менің өмірім өте қиын болды. 18 жылдай қиындық көрдім» дегені есімде. Қарап отырсаңыз, 18 жыл дегеніңізді кемі екі есе көбейту керек. Аз ғана уақыт әңгімелескен-



дегі бір байқағаным, өмірдің сондай қатал тағдырын басынан кеше тұра адамгершілік қасиетін еш жоғалтпағандығы еді. Жастарға құрмет көрсетіп, менің өзіме «сіз» деп сөйлегені нағыз тұлға екендігінің дәлелі. Әр айтқан сөзі сондай жылы, инабатты естілетін. Білімінің асқар шыңын бойына дарытып адамның өз алдында шынайы ашылуына сеп болатынын тағы айтпасақ болмас.

– Бүгінде біз Алаш идеяларын жиі насихаттаймыз. Бірақ соны іске асыруда ғылым мен білімге басымдық беріліп жатыр ма? Ермековтің көзқарасымен салыстырғанда қазіргі ахуалды қалай бағалайсыз?

– Бұл кісілердің басты мұраты – тәуелсіздік еді. Ал тәуелсіздік деген – тек саяси ұғым емес, ол ең алдымен адамның білім мен ғылым жолындағы еркін дамуын білдіреді.

Кенестік кезеңде біз білім ала алдық, бірақ ол білімнің кеңістігі шектеулі болды. Білім ордалары Алматы, Қарағанды секілді санаулы қалалармен шектелді. Ал егер білімді одан әрі тереңдеткіміз келсе, Ресейге баруымызға тура келетін. Демек, нағыз еркіндік болмады. Ал қазіргі заманда бізге әлемнің кез келген нүктесінде білім алуға мүмкіндік бар. Бұл – сол заманда шырқырап айтып кеткен Алаш арыстарының армандарының жүзеге асып жатқанының бір көрінісі.

– Егер Ермеков бүгін тірі болғанда, сіз оған қандай сұрақ қояр едіңіз?

– Ол кісіні көретін мүмкіндігім болса, менің жас кезімдегі, еш жетістігі жоқ, мүлде танымайтын баланы оқуға алып келгендігі үшін үлкен рақметімді айтар едім. Мені кезінде орнына қойып кеткен кезде маған үлкен сенім артты ғой. Қазір артқа қарасам, сол сенімді ақтадым ба деп өз-өзіме жиі сауал қоямын. Тіпті ол кісіге есеп берер едім. «Маған сеніп кеткен тілегіңіздің бірталайын орындадым ғой, ризасыз ба?» деп сұрар едім.

– Ермековтің ғылыми мектебі мен дәстүрін жалғастыру үшін не істеуіміз керек? Жастарды қалай қызықтыруға болады?

– Ғылымды қалай дамытамыз десек, негізгі ғылыми еңбектерді көп оқуымыз керек. Өз мысалымда математиканы айтатын болсам. Қандай да бір саланың ғалым деген атағын алатын болсақ, ол міндетті түрде өзінің ғылыми еңбегінде математиканың элементін қолданады. Тарих, философия деңіз, барлығында Ермековтің қолданған математикалық аппараттарының бір бөлігі бар. Онсыз ғылым жоқ.

Жалпы, мен математиканы ғылымдардың атасы деп есептеймін. Ғылыми технологияның дамуы үшін теориялық негізі осы жоғары математикада жатыр. Менің жастарға ылғи айтатыным, «техникалық оқуға көбірек түсіндер» деймін. Дүниежүзінде кез келген бір оқу орнына тапсырарда міндетті түрде математикадан емтихан алынады. Сондықтан да бұл әлем мойындаған ғылым болып қала береді.

– Жалпы, әлімхантанушылар көп пе? Біз Ермековті толық тани алдық па?

– Көп пе, аз ба деп айту қиын. Әуелгі кездерде Ермеков ауыр сынақтарды басынан өткізгеннен кейін, оны жұмысқа алу, тіпті сөйлесу де біразына қиындық туғызды. Міне, сол уақытта Қарағандыдағы техникалық университетке академик Сагинов жұмысқа алды. Өмірінің педагогтық қызметін осы қалада бітірді. Әлімхан Ермеков есімі тарихта мәңгі қалады.

Көп білетін адам, көп білген сайын өзінің аз білетіндігін түсінеді. Сол сияқты біз Әлімхан Ермековтің еңбектері енді ғана шығып жатыр. Мүмкін бұл кісілердің методикалық еңбектерін әрі қарай жалғастырып, зерттеуіміз керек шығар. Қазақ халқының ғылымға деген көзін ашқан Ермековтің елеулі еңбегі әлі талай жыл айтылады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әсет ҚАЛИ

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

ТАРАЗ ТОПЫРАҒЫНАН ПАНА ТАПҚАН

ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ ГАЛИНА СЕРЕБРЯКОВА ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Қылышынан қан тамған қызыл империяның қиянатын қазақ аз көрген жоқ. Сондай-ақ зұлмат жылдардағы қуғын-сүргінді одақтас елдегі өзге ұлт өкілдері де бастан кешті. Ал жер аударылған жандарды қазақ бауырына басып, паналатты. Міне, сондай қуғын-сүргін құрбандарының бірі – орыс жазушысы Галина Серебрякова. Қарымды қаламгердің туындыларымен кітапсүйер қауым таныс болғанымен, оның Тараз топырағында тұрғанын біреу білсе, біреу білмес.

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Поляк революционерлерінің отбасында дүниеге келіп, 14-15 жасында азамат соғысының майдандарында шайқасқан, жеке адамға табынуды өте зиянды деп қараған ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы Карл Маркстің жастық шағы жайлы тамаша кітап жазған Г.Серебрякова сталиндік қуғын-сүргіннің алғашқы толқынында-ақ зардап шеккендердің бірі болды. Артықкемі жоқ түп-тура жиырма жылға созылған азапты өмірді бастан кешірген. 1937 жылғы 29 қарашада тұтқынға алынып, түрмеге түскен. Арада екі жыл өткенде, яғни 1939 жылғы 1 қыркүйекте КСРО Мемлекет қауіпсіздігі министрлігінің айрықша мәжілісі РСФСР қылмыстық істер кодексінің аты-шулы 58-бабымен еңбекпен түзеу лагеріне кесілген. Бұл жазаны 1943 жылы өтеп шыққанымен, Коми АССР-іне жер аударылған Серебрякова өзі өтініп Қазақстанды, Семей қаласын қалап алады.

Өз кітаптарында жазғанындай, Галина Серебрякова қазақ жерінде ұлтымыздың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегенованың алғашқы ұстазы болып, өнерге баулыған. 1946 жылы Семей қаласында әуесқой әншілер байқауы өткенде әділқазылар алқасының мүшесі Галина Серебрякова ол кезде ет комбинатында жұмыс істеп жүрген балауса әншінің талантын бірден таниды. Ал Галинаның анасы Бронислава Сегизмундовна пианист болатын. Екеулеп Бибігүлдің өнерін ұштауға кіріседі. Жас қыз консерваторияға оқуға кеткенше жер аударылған жазушы әйелдің отбасының бір мүшесіндей болған.

Арада көп жыл өткен соң, 1970 жылы Бибігүл Төлегенова «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында: «...Мені ән салуға тамаша педагогтер баулыды. Бірақ мен Галина Иосифовнамен өткен сол тамаша күндерді өмір бойы есімде сақтаймын...», – деп жылы естелігін айтады.

Кайда жүрсе де «халық жауы» деген атак соңынан қалмаған қайсар жазушы әйел Галина кеменгер Абайдың елінде көп бола алған жоқ. 1949 жылдың мамыр айында оны тағы да тұтқындап, сол жылғы тамызда «Айрықша мәжілістің» шешімімен 10 жыл еңбекпен түзеу лагерінде болу жазасы беріледі. Бұл аз көрінсе керек, 1951 жылы лагерді түрмеде отыру жазасына ауыстырады.

Тағы да тар қапас. Еркіндікті аңсайтын қаламгер үшін бұдан ауыр азап бар ма? Алайда ол мойыған жоқ, күресе білді. Нәтижесінде, контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандардың ісін қарайтын Орталық комиссия 1954 жылғы 7 шілдедегі қаулысымен Галинаның түрмеде отыру жазасын еңбекпен түзеу лагеріне өзгертті. Арада жыл өткенде сол комиссия лагерде болуды Жамбыл қаласына мерзімсіз жер аударуға алмастырды. Өмірін қудалау мен күресумен өткізген қаламгер ежелгі Тараз жеріне осылай келген еді.

Өкініштісі сол, орыс әдебиетінің қиын тағдырлы өкілдерінің бірі Таразда айдауда болғанын бүгінгі жас ұрпақ түгілі сол кездің куәгерлері де біле бермейді. Десе де, мұрағат құжаттарында орыс жазушысы қабырғалары шикі кірпіштен қаланған кішкентай ғана үйде өзі, анасы, қызы Таян үшеуі тұрғандығы туралы дерек бар. Оны қалалық денсаулық сақтау бөлімі шалғай ауылдағы дәрігерлік пунктте жұмыс істеуге шақырған. Алайда ауылда орыс мектебі болмағандықтан Серебрякова қызының болашағын ойлап ол қызметтен бас тартқан.

Тарихта «жылымық кезең бастау алған» делінетін 1956 жылды Галина Серебрякова сол кезгі Жамбыл, бүгінгі Тараз қаласында қарсы алды. Ақпан айында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезі өтіп, Сталиннің жеке басына табынушылық және оның зардаптары туралы мәселе қаралды. Галина Серебрякова өтіп жатқан съезд төралқасының атына хат жолдады. Үміт пен күдік алмасқан күндер басталды. Съезд жұмысын аяқтаған 25-ші ақпанда Мәскеудегі қаламдас достары телефон арқылы сөйлеседі. Көп ұзамай КСРО Жазушылар одағының сол кезгі төрағасы Алексей Сурков Жамбыл облыстық партия комитетіне Галина Серебрякова жайлы жақсы мінездеме де жазып жібереді. Ал осы жылдың шілде айында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жеке басқа табынушылықты айыптаған арнайы Қаулы қабылдады. Осы Қаулы аясында, Одақтың жазушылар ұйымының төрағасының хаты бойынша тамыз айында Жамбыл облыстық партия комитетінің бюросы жеке басқа табыну сияқты қатерлі құбылыстың алғашқы

құрбандарының бірі – жазушы Галина Иосифовна Серебрякованың жеке ісін қарады.

«...Тамыз айының ыстық күні күйдіріп тұрған болатын. Маған Жамбыл облыстық партия комитетінің бюросына бару керек еді. Онда менің тағдырым шешілуге тиіс...»

Галина Иосифовна Серебрякова бұл жолдарды кейінірек, алпысыншы жылдары жазды. Ал сол 1956 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі қала соғыстан кейін де «халықтар көсеміне» көзсіз табынушылар орнатқан үрей мен күдік ахуалынан толық арыла қойған жоқ болатын. Сондықтан да жамбылдық коммунистердің өздеріне мүлде бейтаныс мәскеулік әйелді қорғауға баруы екіталай нәрсе еді. Әрі оған тағылған айыптар жеңіл деуге келмейтін.

Арада көп жыл өткен соң, 1970 жылы Бибігүл Төлегенова «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында: «...Мені ән салуға тамаша педагогтер баулыды. Бірақ мен Галина Иосифовнамен өткен сол тамаша күндерді өмір бойы есімде сақтаймын...», – деп жылы естелігін айтады.

«Партиялық жауапкершілікке тартылған кезде КСРО Жазушылар одағының мүшесі болды. 1936 жылғы 5 тамызда Мәскеу қаласындағы БК(б)П Краснопресненск аудандық комитеті Серебрякованы контрреволюцияшыл-троцкистермен байланысы болғаны және большевиктік қырағылығын жоғалтқаны үшін партия мүшелігінен шығарды...»

«Күйеуі Серебряков троцкистер оппозициясының лидері болды. Екінші күйеуі Сокольников (олар 10 жыл бірге тұрды) партияның және Кеңес үкіметінің жауы ретінде партиядан шығарылып, Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) арқылы тұтқындалған...»

Жазушыға тағылған мұндай айыптар бірінен кейін бірі жалғасып кете береді. Өз бойындағы жазушылық қарымын, талантты жарқыратып көрсетер толысқан шағында «жау» атанып, небір тамаша жоспарлары сағымға айналған Серебрякованың Сәкен Сейфуллинмен достығы да оған үлкен айып болып тағылған. Қазақ ақынымен 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің тұңғыш онкүндігінде алғаш рет жүздескен.

Екеуін таныстырған – атакты орыс жазушысы Александр Фадеев.

Келесі, 1937 жылғы сәуір айының басында өткен Қазақстан кеңес жазушылары одағының пленумы «Әдебиет майданы» журналының редакторы болған Сәкен Сейфуллинді «Троцкистер бандасының бандиткасы Галина Серебрякованың «Маркстің жас шағы» деген романын аударып басты» деп кінәлаған. Шығармашылық, қаламгерлік байланыстары осылайша екеуіне үлкен пәле болып жабысқан. 1937 жылы жалған саяси жаламен тұтқындалып, келесі жылы атылған қазақ ақыны өзін өлім жазасына кескен Жоғарғы соттың Әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде жасаған мәлімдемесінде: «Мен, Сәкен Сейфуллин, жантөзгісіз кинауға шыдай алмай жазушы Галина

Қуғын-сүргін науқаны шырқау шегіне жеткен жылдары атын естіген адамның құтын қашыратын «Ерекше кеңестен» үш рет 1939, 1944 және 1951 жылы жазықсыз жаза үстіне жаза алған жазушы әділдік салтанат құрған осы күн туралы ерекше толғаныспен жеткізді:

«Облыстық партия комитетінің хатшысы жалған айыптаулардың бірінен соң бірін жоққа шығара бастады да, олар дәйектер мен шындықтың таза отына түгел жанып кетті.

Менің партиялылығым осылай қалпына келтірілді.

«...Сіздің стажыңыз жүріп жатты. Сіз коммунист болып қала бердіңіз», – деді маған облыстық партия комитетінің хатшысы», – деді Галина.

Серебрякова жүрек алғысын арнаған бұл адам Жамбыл облысын 1952-1957 жылдары басқарған Шолак (Нысанбай) Артығалиев болатын. Азаппен тозақты аз көрмеген жазушы әйелді ақтау жөніндегі шешімді қолдап бюро мүшелері Вашенко, Кондратьев, облыстық партия комитетінің мүшелері Әскеева, Демеуов, Ибраев, Исаков, Колмогоров, Қараалин, Омарбековтер де дауыс бергені хаттамада жазулы. Сол бюроға қатысқан Өтеулі Досыбиев ол кезде Талас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын. Сол азамат Шолак Артығалиевтің әдебиет пен өнерге жанашыр адам болғанын жиі айтқан. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің Талас ауданына келуі де сол Ш.Артығалиев басшылық қылған 1955 жылы болыпты. Міне, осындай өнер адамдарына жанашыр азамат Галинаның ақталып шығуына өзінің өлшеусіз үлесін қосқан.

Жамбыл өлкесі азаматтарының көмегімен еркіндік алып, Мәскеу қаласына қайта оралған Г.Серебрякова көптеген тамаша кітаптар жазды. Ал 1971 жылы Мәскеуде жарық көрген «Өзгелер және өзім туралы» атты туындысында Жамбыл, қазіргі Тараз қаласында тұрған өмірі туралы баян етіліде. Сондай-ақ нәубет жылдарының қиянаты туралы баяндаған «Қара құйын» повесінде 1956 жылдың тамызында Жамбыл облыстық партия комитетінің бюросында ақталғанын жазған. «Литературная газета» 1980 жылғы 9 шілдеде жазушыға арналған қазанамасында оның КАРЛАГ-тан соң Жамбыл қаласында тұрғанын, анасын осында жерлегенін баяндаған. Мұны толықтыра түсер дерек, 1966 жылы жазушы анасының мүрдесін Тараздан қазып әкетіп, Перedelкиноға қайта жерлеген.

Киелі Тараз топырағында қуғын-сүргін жылдары Г.Серебрякова секілді талай жазушы ақын, суретшінің ізі қалғаны анық. Мәселен, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өлеңдерін орыс тіліне алғаш аударғандардың бірі, жазықсыз жалалы болып, қуғындалған орыс жазушысы Андрей Алдан-Семенов те аз уақыт болса да сол тұстағы Жамбыл қаласында тұрған. Тұңғыш повесі мен өлеңдер кітабын осында жазған.

Иә, зұлмат жылдары Тараз топырағынан пана тапқан жазушы, өнер адамдары туралы ауқымды зерттеулер қажет. Бұл өскелең ұрпаққа өткен тарихты танытып қана қоймай, өнер адамдарының туындылары мен өмір жолына тәнті туристерді де көне шаһарға көптеп тартары сөзсіз.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



31.05.2025 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы



БҰЙЫРМАҒАН ҚОЛТАҢБА

бетіне әзілдерімді жариялап жібереді. Өзімді «сықақшы» сезініп, курстастарымның алдында көздерім фонарик болып, жарқырап жүрген кезім. Мені көрген Тұқан:

— Мұхтар, бері кел, — деп шақыра қойды. Бұдан артық орайлы сәт бола қоярма?

— Ассалаумағалейкум аға! — деп әуелі Уайдин ағамен сосын Тұқанмен қол алыстым.

Үмбетбай аға маған қарап:

— Жаңа одаққа кіре берісте амандасып алып, қашып кеткен сен емессің бе? — деп жымиды. Жүзіне қарасам, сондай жылы, ал мен «түсі суық, катал кісі шығар?» деп ойлаған едім. Қателесіппін. Жүзі сондай жылы екен, күздің күні жұқалтаң плащпен бүрсендеп жүрген студент пақырың жылынып сала берді.

— Мұхтар Шерімов деген сатирик, — деді Тұқан. «Сатирик» деген сөзге бір түрлі ыңғайсызданып қалдым. «Мен үшін сатирик болуға әлі ерте, кітаптарым жарық көріп жатса, ел таныса, сонда осы Уайдин ағаларым сияқты жазушы болармын» деп ойлап қоямын ішімнен.

— Не жазасың? — деп сұрады Үмбетбай Уайдин.

— Лекция жазамын, — деппін мен жазған. Қалжындағаным емес, шынымды айтқаным.

— Жок, сатиралық өлеңдер ме, әзіл әңгімелер ме? — деп сұрады ол кісі.

— Әзіл-сықақ әңгімелер.

— Фантазиясы әжептеуір, — деп мақтап қойды Тұқабай Иманбеков ағам.

— Е, «Қазақ әдебиетінің» соңғы бетін бермейтін классик сен екенсің ғой? — деп қалжындады Уайдин.

Сол күні сатирик ағам екеуміз бір сағаттай әңгімелестік. Оқуымды, ауыл-аймақтағы ата-анамды сұрады. Екеуміз әңгімелесіп отырғанда, Көпен ағамыз көрініп, әңгіменің көрігі қызды. Бір кезде мен мүлде ұмыт қалып, ағалар сатира туралы ұзақ сыр бөлісті. Маған оларды тындау дегеніңіз өте қызық әрі бақыт. Ертеңіне кітап дүкеніне кіріп, Үмбетбай ағаның кітаптарын іздедім. Көзіме «Мәселе қайда жатыр?» атты сарғыш мұқабалы кітабы оттай басылды. Алғашқы бетінен ағаның қаламмен сызып салынған шарж суретін көрдім. Уайдинге ұқсағым келді. Армандап тұрмын. «Уайдин сияқты кітабым шығар болса, суретім бірінші бетінде тұрса, қыздар де-

ген қырылып ғашық болатын шығар?» деп ойлап қоямын. Оспанханның кітаптарын сатып алғанымда да, солай ойлағанмын. Кітапқа «Ең жақсы адам» повесі мен әзіл-сықақ әңгімелері еніпті. Жатақханаға барған соң, керуетке шалқамнан жатып алып оқиын. Етпетімнен жатып алып оқиын. Марқұм курстасым Мұхтар Наушабаев кітабымды сұрап алып, ол да оқып шықты. Ендігі мәселе Уайдин ағама жолығып, қолтаңба алу ғана қалды. Кітабымды пәпкіме салып алып, лекциядан соң Жазушылар одағы үйін аңдимын. Үйінің телефон нөмірін сұрап алмағаным өкіндім. Екі күн аңдыдым. Көрінбеді. Ол кезде ол кісінің қайда жұмыс істейтінінен де бейхабармын. Сөйтіп жүріп бір апта өтті ғой деймін. Университет алдындағы көшенің қарсы бетінде күн көсем қолын созып тұрған ескерткіші бар еді. «Осы жақта университет бар» дегендей. Сол тұстан Үмбетбай аға кетіп бара жатқанын байқап қалдым. Көшеден жүгіріп өтемін деп көлік астында қала жаздағаным есімде. Бір орыс шопыр көлігінен басын қылтитып: «Ей, парень, слепой что ли?» — деп ұрысып тұрғанын көрдім. Оған қарайтын мен жоқ. Ауылдан келген мен пақырыңның орысшасы да онып тұрған жоқ, «слепой» сөзін «сүмелек» деп ұқтым, ішімнен: «өзің сүмелек» деп жауап қатқан болып, ағаның алдынан арсалаңдап шыға келдім. Ентігіп тұрмын. Ләм-лим деместен қолын алып, пәпкімнен «Мәселе қайда жатыр?» кітабын алдым. «Қолтаңбанызды...», — дедім. Ол кісі ризашылық кейіппен төс қалтасынан үрішке (ауызекі сөйлескенде солай дейтінмін) алып, кітабын парактады. Парактады да менің бетіме қарады. Мен кітаптың бірінші парағына қарадым. Сөйтсем, қал-

жынбас курстас досым Мұхтар Наушабаев: «қаламың жүйрік болсын! Мен саған сенемін, мықты сатирик болатыныңа! Үмбетбай Уайдин» деп қолын шиырыпты. Соның пөчеркі! Мұхтар Наушабаевқа кіжініп, бір жағы Уайдин ағамнан қысылып, кара терге түссем болар ма?

— Өзің жаздың ба? — деп сұрады фәмілесі қызық ағам Уайдин «Шерімдинге». Жылы жымылып тұр. Жымығанда езуі құлағына қарай «қыдырып» кетеді екен.

— Ж-жок, курстасыммен жатақханада бір бөлмеде тұрамыз. Сол қалжындап... — деп сөзімнің аяғын жұтып қойдым.

Ол кісі мені қолтықтап алып, жүріп келеміз.

— Байқаймын, курстасыңа қатты ренжіп тұрсың. Жатақханаға барған соң онымен төбелесіп қалуың да мүмкін. Бірақ оған рахмет айтарсың. Менің атымнан. Мен де сол курстасың жазған қолтаңбаны қайталар едім. Қалжынды, әзілді түсінбегеннің белінде шокпары жүреді. Менің ақылым, оның қолын қысып қой, — деді. Жатақханаға жеткенше ойланып келемін. Төбелесемін бе, жоқ әлде қолын қысамын ба? Мен өмірімде төбелесіп көрген емеспін. Мектепте төбелесе кеткісі келгендердің жанынан қаша жөнелетінмін. Алыстап барып, кекесің өлең шумақтарымен мазактайтын едім. Жатақханада Мұхтар досым кітап оқып отыр екен. Түк болмағандай, тұрғызып алып, ал келіп қолын қысайын. Қайта-қайта қолын алып, тіпті бетінен сүйіп қойдым. Ол аң-таң, ал менің көңілім шаң-шаң...

— Не болды соншама? Әкеннен ақша келді ме? — деп сұрайды ол. Қолын тағы қысып:

— Рахмет, — дедім.

— Не үшін?

Мен оған «Мәселе қайда жатыр?» кітабыма өзі жазған бетін көрсеттім.

— Е-е, мәселе қайда жатыр! — деді ол күліп. Оған екі күн бойы өкпелеп жүріп, ертеңіне ұмытып кеттім. Екінші мәрте қолтаңба алудың сәті түспеді. Қайран, жастық шағымызда небір оқиғаларды бастан кешірдік қой. Үмбетбай ағаның 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Өзі көрмеген қызықтары балалары мен немерелеріне бұйырсын!

Мұхтар ШЕРІМ,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның құрметті
жазушысы,
Көпен Әмірбек атындағы
«Ара» сыйлығының тұңғыш
лауреаты



Журналист боламыз деп жұлқынып, Алматыға барғанбыз. 1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, бірінші курстан кейін «картайып» шыға келіп, етек-жеңімді жиып, уақытымды қиып, Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратына қарай қисаятынмын.

Ондағы ойым мектепте оқып жүргенде-ақ аты-жөндерін газет журналдардан көріп, әзіл-сықақтарын оқып, «қалай-қалай көсіледі шіркіндер!» деп тамсанумен өткізген күндерім артта қалды ғой, ендігіде сықақшы ағаларымды тірідей көру еді. Ең бірінші «тірі» көргенім Көпен Әмірбек болды. Одан кейін — Шона Самханұлы, Оспанхан Әубәкіров. Үмбетбай Уайдин ағаммен танысудың еш реті келмей жүрген. «Фәмілесі қызық екен. Мен де Шерімдин» деп өзгертіп алсам ғой, шіркін! — деп қоямын ішімнен. Көпен, Оспанхан ағаларыммен танысу өте оңай болған еді. «Тонның ішкі бауындай» болып кеткенбіз. Уайдин деген кісі қандай екен? «Шаңқай түсте шалқамнан жатыр екенмін», «Шіріген жұмыртқа» сықақ әңгімелерін оқып, ішек-сілем қатып күлгенім бар. Әсіресе, бірқакпай әзілдерін ұнататын едім.

Бір күні лекциядан шыққан соң, әдетімше жазушылар үйіне қарай келе жаттым. Жете бергенде Үмбетбай ағаны көріп қалып, «сәлеметсіз бе?» — деп жыбырлап, жоқ сыбырлап, қолын алып, өте шықтым. Көпен аға сияқты «әй, қай баласың?» — деп сұрай қалса, өзімнің де сатира жазып жүргенімді, журналистика факультетінің екінші курсына оқитынымды, Шымкенттің бір ауылынан келгенімді, Алматыдағы кейбір кафелерде адамдар түрегеп тұрып тамақтана беретінін бірінші рет көргенімді, ұшақпен бірінші рет ұшып, курстасым Убайдулланың стюардесса берген конфеттің бірін ғана алмай, бәрін сыпырып алғанын, асханада тегін тұрған ащы «горщицаны» Убайдулла екеуміз нанға қалыңдатып жағып жеп, өліп қала жаздағанымызды, бәрін-бәрін айтып бергім келген. Асығыс болды ғой деймін, жоғары көтеріліп, «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясына кетіп барады екен. Соңынан қуып келгенмін ғой. Дәлізде Тұқабай Иманбеков ағамызбен әңгімелесіп тұр екен. Тұқанмен танысып алғанмын. Апта сайын «Қазақ әдебиеті» газетінің соңғы

АНА ЖАҚТА

Бәле бассаң аяқ астында. Әлимаштың табан астында қан қысымы көтеріліп, жедел жәрдем шақырды. Тапсырыс алушылар төрт сағат тергеп барып, ақыры жедел жәрдемді жіберетін болып шешті. Әлимаштың есікке қарай-қарай мойны бір жағына бұрылмай қалды. «Шүрк ет-пеніз, он минутта барып қалады» деген жедел жәрдем көлігі зарықтырып барып келді-ау ақыры. Бұл кезде Әлимаштан әл-дәрмен кетіп қалған еді.

Көздері пышаққа ілінгелі тұрған қойдыкіндей аларып, денесі былқылқ еткен науқасты зембілге салған дәрігерлер көлікке әкеліп солқ еткізіп тастай салды.

— Өлтіресіндер ме, қайтесіндер? — деп зорға сөйлеген науқас талықсып кетті.

Есін жиғанда ол аурухана дәлізінде жатыр екен. Тұла бойы мұздап бара жатқан соң жамылғы іздеп еді, қолына ештеңе ілікпеді.

Ақ желеңді абзал жандар соғыс кезіндегі қарбаластай әрі-бері асығыс өтіп жатыр. Ешқайсының дәліздегі дәрменсізге бұрылып қарарға ынтасы да, ықыласы да жоқ. Қайда асығады? Неге асығады? Түсініп болмайды. Әлде науқастың барлығы сойқан апатқа түсіп, ауруханаға жеткізілген бе? Мыналардың алақ-жұлақ етіп жүгіріп жүргендеріне қарағанда бір сұмдықтың болғаны рас.



Әлимаш тағы талықсып кетті. Бірақ оған мойын бұрып қараған тағы ешкім болған жоқ. Әлден соң көзін ашқанда жанынан бір адам өтіп бара жатыр екен. Оған тоқта дегендей қолын соза беріп еді, әлгі шошынғанынан ытқи жөнелді. Қасқырдан қашқан қоян сияқты секіріп-секіріп қойып, безіп барады.

— Ана жакта...ана жакта... ана жакта, — деп тілі күрмеліп, көзі атыздай болып ұяшығынан шығып, алақ-жұлақ етеді.

Оны бір дәрігер алдынан арқан керіп ұстап алды.

— Не болды? Неге қашып келесің?
— Ана жакта...
— Ана жакта не болып жатыр?
— Ана жакта...

— Әй, әкесі өлгенді де естіртеді. Ана жакта не болып жатыр?

— Ана жакта...

— Иә.

— Ана жакта өлген адам тіріліп кетті.

— Өлгені несі? Тірілгені несі?

— Тіріле салып, мені ұстап алып жеп қойғысы келді.

— Ойбай! Ауруханаға маньяк кіріп кетіпті. Күзетшілер қайда қарап отыр? Дереву полиция шақырыңдар, — деп ақ желеңді айкайға басты.

Сірә, аурухана басшыларының бірі болса керек.

Есіктер тарс жабылды. Адамдар әрі-бері сабылды. Қарбаласта есік қағылды. Келгендер полиция қызметкерлері екен.

— Қайда? Қайда?

— Тапсақ, өзіміз де ұстап алар едік қой...

— Не болды?

— Маньяк мына жерге тығылыпты.

Полицейі бар, полицейі емесі бар, науқас көрсеткен жерге жетіп келді. Сүйретпе кереуеттің үстінде ес-түссіз жатқан Әлимашты көрген олар сасып қалды.

— Осындай да маньяк болады ма екен? Бұл есін жия алмай жатқан науқас жан ғой, — деді полицейлердің бастығы.

— Иә, бүгін түскен науқас.
— Ол бұл жерде неге жатыр?
— Кезегін күтіп жатыр.

— Қандай кезек?

— О дүниеге аттануға. Жо-жок, дәрігерге қаралуға екен ғой.

Полицейлердің бастығы дәрігерге ожырая қарады. Есіне өздерінің де озбырлық жасайтыны, банк тонағанмен ымыраға келіп, босатып жіберетіні, тауық ұрлағанды түрмеге тоғытатыны түсіп, үнсіз қалды.

Олар кеткен соң Әлимаштың жанына бір медбике келді. Ол науқастың білегіне бір укол екті де кетуге айналды.

— Сіңлім, — деді Әлимаш ыңырысып, — мені әжетханаға апаршы. Қатты қиналып жатырмын.

— Мен техника емеспін.

— Кім болсаң да апаршы, құлын болайын.

— Құлым болмақ түгілі, ұлым болсаң да сені әжетханаға апару менің міндетім емес.

— Жалынамын, айналайын. Мына төсекте былғап қойып ұятқа қалып кетпейін.

— Қазір техниканы жіберем.

— Оған дейін шыдай алмаймын...

Бері келші, сіңлім! Саған айтарым бар.

Медбике науқасқа жақын келді. Әлимаш оның қалтасына бес мыңдық теңгені жып еткізіп сала қойды.

— Бағанадан бері осылай етпейсіз бе? — деген медбике оны сүйреп ала жөнелді.


Әжетханадан шыққан соң Әлимаштың бойы жеңілдеп сала берді. Басының ауырғаны да сап басылғандай.

«Қой, медбикесінің өзі осындай болса, дәрігері түгімді қалдырмас. Одан да үйге барып, өзім білетін ем-домды жасайын» деп ойлаған Әлимаш сүйретіліп ауруханадан шықты.

Былайырақ шығып қарағанда оған аурухана түрме сияқты болып көрінді. Артынан біреу қуып келе жатқандай шошынып, қаша жөнелді. «Ана жакқа» аттандырып жібермей тұрғанда амалын тауып, қашып шығып аман қалғаны үшін Алласына мың қайтара шүкіршілік айтып келеді...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЖЕМҚОРЛЫҚ



Бұл заманда ең қорлық,
Сыбайластық жемқорлық.
Қорқау қоғам төңірегі,
Екіге бөлінеді:
Жеп – қор болатындар мен,
Жеп – зор болатындар.
Алдыңғысы тұтылып жүр,
Соңғысы құтылып жүр.

Іргеңе іріткі салып,

Шімірікпей құтырып жүр.

Ізін аңдып жүретіндердің,

Айтуыниша білетіндердің:

«Параны беру – міндет» дейді,

«Алу – індет» дейді.

«Жемқордың пешенесіне жазылған

Парыз бен сүннет» дейді.

Бітпесе дерегім,

Жемқор жайлы көп нәрсе дер едім.

Деген сайын,

Тілімнің мысқылы жетпей қалады,

Жеген сайын,

Жемқордың ышқыры

жетпей барады.

Араңда барыс-келіс болса,

Жемқормен алыс-беріс болсаң,

Айтқанымды жақтырмай,

Қайдағыны жазасың! — дерсің,

Көпен ағам айтқандай:

«Сиырды баспаымен жұтатындарға,

Пойызды составымен

құртатындарға,

Құдай өзі жазасын берсін!»

Ұлтыңды емес, құлқыңды,

Сүйетін болсаң не шара?

Күндердің күні болғанда,

Тәңір алдына барғанда,

Табарсың тәуба бейшара!..

Алпысбай ӘБДІЛҰЛЫ



АЙНА

31 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Көкей Меллатұлы – 25 жылдан бері домбыра істеумен айналысып келе жатқан ағаш шебері. Домбыра өнері оған әкенің қанымен дарыған. Қазір жеке шеберханасын ашып, ұлттық аспап өндірісінде өз қолтаңбасын қалдырып келеді. Сұхбатымызда оның бала күнгі арманынан бастап, ширек ғасырлық кәсіби шеберлікке дейінгі өмір жолы баяндалады.

— Көкей Меллатұлы, уақытыңызды бөліп, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін алғыс айтамыз. Өнер жолына қалай келдіңіз, домбыра жасауға қызығушылығыңыз қашан оянды?

— Ауылда, кішкентай кезімде өте бұзық болдым. Бір үйде үш бала өстік, мен — ортаншысымын. Азан шақырып қойған атым — Аят. Ата-анам еркелетіп «Көке, Көке» деп, кейіннен Көкей атанып кеттім. Бір күні таспен ұрып көршінің баласының қабағын жардым. Содан кейін көршіміз күнде келіп: «Бүгін дәрігерге барып келдік, бәлен сома кетті, түген сома кетті» деп айтып жүрді. Сосын әкем маған: «Бұл ақшаны өзін төле» деді. Бірақ менде ондай шама қайдан болсын, өзім небәрі он бір жастағы бала едім. «Төлеудің бір жолы бар — маған көмектесесің», — деді әкем.

Әкем — күйші, әрі домбыра жасайтын шебер. Солай домбыраға ою салдырып, шанақтарын идіріп, маған тапсырма береді бастады. Содан бастап ойынды тастап, он екі жасымнан домбыра істеу ісіне ден қойдым. Әкем ғана емес, шешем де өнерлі адам. Сонымен қатар әкемнің ағасы өте мықты суретші. Сол кісіге еліктеп, сурет сызуға қызықтым. Үйімізге әнші-күйші көп келетін. Солардың ықпалы шығар — өнер қанымызда бар. Кішкентайымыздан өнерлі адамдарды көріп өскен соң, идеялар да ойға оңай келеді. Көп сыза бергеннен шабыт та ашыла түседі.

Біз ол кезде Қытайда тұрдық. Қазақстаннан әкелінген сапалы домбыраларды көріп, оларды зерттедім, өңдеп те көрдім. 2007 жылдың соңында елге оралдым. Алматыға келгенде жиен ағамның үйіне тоқтадым. Сол кезде Құрманғазы оркестрінің шеберханасында жөндеу жұмыстары болып жатқандықтан, шеберхананы уақытша Нұрлан ағамның үйіне көшіріп қойыпты. Солай мен үш жылдай ағаммен бірге жұмыс істедім. Оның жанында Тұрсынбай деген аға бар еді — сол кісілерден домбырадан бөлек басқа да аспаптарды істеуді үйрендім. Әкемнен кейінгі ұстаздарым — сол кісілер.

— Осы кәсіппен тұрақты түрде айналысуыңызға не себеп болды?

— Домбыра істеп жүргеніме биыл 26 жыл болды. Осы жылдар ішінде түсінгенім — қандай істі де атқару үшін адамға тұрақтылық пен табандылық керек. Бұл өнер мені сол табандылыққа тәрбиеледі.

Мен әр істеген дүниемнен ләззат аламын. Сондық-

тан істеген затыма ерекше сүйіспеншілікпен қараймын. Бастапқыда мықты шебер болсам, қазақ домбырасының құрылымын жетілдірсем деген арманмен бастадым. Сол арманым адалдығымнан айнымай келемін. Әрине, кейде шаршайсың — ондайда спортпен айналысып, біраз демалып келемін. Кейін қайтадан осы кәсіпке ораламын. Мені қуантатыны — қаншама өнер ада-



Көкей МЕЛЛАТҰЛЫ,
шебер:

ҚАЗАҚЫ ҮНГЕ

ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ КЕРЕК



Домбыра дыбысының тоқсан пайызы — бетқақпаққа байланысты. Шебер адам, ең алдымен, бет ағашты дұрыс таңдай білуі шарт. Оның табиғи жолмен кепкеніне, құрғақтығына мән беру керек.

мы менің қолымнан шыққан домбырамен ел алдында өнер көрсетіп жүр. Сахнада өз туындымы мықты әнші-күйшілердің қолынан көрген кезде маркайып қалатыным рас.

— Алғаш істеген домбыраның қандай еді? Қазіргі туындыларыңызбен салыстырғанда айырмашылығы бар ма?

— Әрине, айырмашылығы жер мен көктей. Алғашқы істеген домбырамды көршімнің баласы алған. Әкесі келіп: «Бұл — алғашқы өнер туындың, ырымдап алайын» деді. Кішкентай, қырық екінші өлшемдегі домбыра еді. Әлі бар ма, жоқ па — білмеймін. Ол кездер алыста қалып қойды. Жүре келе мате-

риалдардың түр-түрін, мықты шеберлердің ісін көрдік. Зерттедік, зерделедік — солай дамыдық. Бұрын алғаш бастағанда домбыраның үнін аса айырмайтынбыз. Жасым жиырмаға жеткенше де аса мән бере бермедім. Кәсіби түрде 2005–2006-жылдары айналыса бастадым. Сол кезден бастап мықты өнер адамдарының домбыраларымен салыстыра жүріп, даму процесі басталды.

Қазір техниканың дамыған заманы аспаппен ағаштың қалыңдығын, тығыздығын өлшеуге болады. Соның арқасында жұмысымыз біршама жеңілдеді. Үзбей жасасак бір қарапайым домбыраны 10 сағатта аяқтауға болады. Бұрынғыдай емес кептірілген дайын ағаштар сатылады. Біз бетқақпақ ағаштарын Германиядан аламыз. Қытайда арнайы ағаш сататын зауыттар бар — солардан да алдырамыз. Олардың ішінде табиғи жолмен кепкені және аппаратпен кептірілгені болады. Аппаратпен кепкен ағашта әлі де ылғал болады. Шебер ағашты қолына ұстағанда-ақ оның тығыздығын, құрамында су бар-жоғын сезе алады.

— Домбыра дыбысының сәтті шығуының құпиясы неде?

— Домбыра дыбысының тоқсан пайызы — бетқақпаққа байланысты. Шебер адам, ең алдымен, бет ағашты дұрыс таңдай білуі шарт. Оның табиғи жолмен кепкеніне, құрғақтығына мән беру керек. Бетқақпақтың ішіне «белағаш» деп аталатын кергіш ағаш қойылады. Оның орналасуы мен қалыңдығы өте маңызды. Барлық құпия сол бетқақпақта дер едім. Қарапайым адам үшін барлық ағаш бірдей көрінуі мүмкін. Бірақ шебердің көзі ағаш таңдауда қателеспей керек.

Соңғы кезде домбыра істеуде ағаштан бөлек материалдарды — темір, жылқының бас сүйегі сияқты бұйымдарды қолданушылар көбейіп келеді. Жалпы, домбыра үшін оның жасалған материалы емес, бастысы — үні. Ағаштан басқа материалмен жасалған домбыралар қызық үшін, шоу үшін жасалады. Ондай домбырадан «керемет табиғи үн шығады» деп айта алмаймын. Мен де сүйек қосып істеп көргенмін. Бірақ еуропалықтар, мысалы, скрипка, гитара сияқты аспаптарды тек ағаштан жасайды. Табиғи, таза дыбыс шығуы үшін бетқақпақты табиғи жолмен кепкен шырша ағашынан істейді. Сүйек,

темір, тас — бұлармен шынайы, сапалы дыбыс жасау мүмкін емес.

Қазақ шешен адамды көргенде «Сөздің тиегін ағытты» дейді, сол сияқты домбыраның да үні тұнық әрі таза шығуы үшін тиектің қызметі өте маңызды. Өйткені ішекті қаққанда дыбыс алдымен тиекке барады, сол арқылы таралады. Тиекті дыбыстың тасымалдаушысы деуге болады.

— Қазір «электро-домбыра» деп домбыраны бірден дыбыс күшейткіш аппаратқа қосып, өнер көрсететіндер көбейді. Ондай домбыралар туралы не айтасыз?

— Электро-домбыралар керек. Бір орында тұрып қалуға болмайды, заман талабына сай даму қажет. Гитараның да электронды нұсқалары шықты ғой — солар керемет деңгейге жетті. Домбыра да заманнан қалмаса деймін. Менің көзқарасым — он. Бірақ домбыраның табиғи үнін жоғалтып алмау маңызды. Жас буын үшін сахналық форматта ерекше, әсерлі естілуі — жақсы мүмкіндік. Алайда түп тамырынан алыстамай, ұлттық болмысты сақтай білген жөн.

— Ал тапсырыс берушінің талағамы мен мінезі домбыраға әсер ете ме?

— Әрине, тапсырыс берушінің ниеті мен сенімі тапсырыстың қалай шығатынына тікелей әсер етеді. Оған талай көзіміз жетті. Мысалы, домбыраларымызға елге танымал өнерпаздар мен тұлғалар да жиі тапсырыс береді. Сондай-ақ шеберге барынша сенім артқан дұрыс дер едім. Өйткені аспаптың сапалы шығуы үшін сол сәттегі шебердің көңіл күйі аса маңызды. Кез келген сапалы дүние байыппен, баппен жасалады. Кейде тапсырыс берушілер, қымбат әрі ұзақ уақытты талап ететін бұйымға тез арада қол жеткізуге асығады. Мұндай жағдайда домбыра да кем-кетіксіз болады деп айта алмаймын. Әрі беткінен тыс саудаласып, қол еңбегінің құнын түсіретіндер де аз емес.

— Сұхбатымыздың соңын ерекше сұрақпен аяқтағымыз келеді. Егер сіз «домбыра» болсаңыз, ол қандай болар еді?

— Мен бүкіл қазақтың қайғы-қасіретін, мұнын жеткізетін, жүректі тербететін қоңыр үнді домбыра болар едім. Сыртым — қазақы ою-өрнекпен көмектірілген. Материалым — қазақ жерінде өсетін ең жақсы ағаш — бұйра қайын, ал бетқақпағым — табиғи жолмен кептірілген Тянь-Шань шырышасынан жасалған болар еді.

— Әсерлі әңгіменіз үшін рақмет! Ісіңіз алға басып, өнеріңіз өрге жүзсін!

— Сіздерге де алғысым шексіз. Домбыра үні өшпесін!

Гүлнаурыз СОЯН,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ
3-курс студенті



АIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтай Байұржанқызы —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4599
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,